

Ә.Е. Жұмбаева, М.Н. Оспанбекова

# САУАТ АШУ

## Оқыту әдістемесі

### 2-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2016

ӘОЖ 373(072)  
КБЖ 74.268.1 Қаз я 71  
Ж 81

**Жұмабаева Ә.Е., т.б.**

**Ж 81 Сауат ашу: Оқыту әдістемесі. 2-бөлім.** Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған/  
Ә.Е. Жұмабаева, М.Н. Оспанбекова. – Алматы: Атамұра, 2016. – 112 бет.

ISBN 978-601-306-608-0

ӘОЖ 373(072)  
КБЖ 74.268.1 Қаз я 71

ISBN 978-601-306-608-0

© Жұмабаева Ә.Е.,  
Оспанбекова М.Н., 2016  
© «Атамұра», 2016

## ТҮСІНІКТЕМЕ

Құрметті мұғалім! Сіздің қолыңыздағы бұл кітапша – орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы «Сауат ашу» оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған, әліппеден кейінгі кезең материалдарының мазмұнын қамтитын «Сауат ашу. 2-бөлім» оқулығының әдістемелік құралы.

Оқулықта оқу мен жазу материалдары кіріктіріліп (интегративті) құрастырылды. Оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру «Сауат ашу» оқу бағдарламасында көрсетілген лексикалық тақырыптар («Тағам және сусын» және «Дені саудың – жаны сау») аясында қарастырылды.

Оқулық негізіне төмендегідей авторлық қағидалар басшылыққа алынды:

- лексикалық тақырыптар аясында қазақ тілі фонетикасы, лексикасы, грамматикасы мен пунктуациясы туралы бастапқы түсініктерін және дұрыс жазу дағдыларын қалыптастыру;
- айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру;
- сөйлеу және қарым-қатынас жасау мәдениеті нормаларын сақтауға дағдыландыру;
- оқушылардың тілін, ойлау, талдау, талқылау, салыстыру қабілеттерін дамыту;
- сөздік қорын байыту және белсендіру, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту;
- туған тіліне, тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- оқушылардың әлеуметтік, танымдық, қатысымдық, қимыл, белсенділіктерін дамыту;
- алған тілдік білімі мен дағдыларын жеке қарым-қатынас тәжірибесінде, күнделікті өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйрету.

Оқулықта оқушылардың тілдік және қатысымдық дағдыларын қалыптастыру тапсырмалары мен материалдары күтілетін нәтижеге бағдарланған оқу мақсаттарына сәйкес түзілді.

Оқушылардың *тыңдалым* және *айтылым дағдыларын* дамытуда:

- тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну;
- мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау;
- тыңдалған материалды мазмұндау;
- оқиғаны болжау;
- түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану;
- тыңдаушының назарын аудару;
- тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту;
- берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту;
- сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту;

*оқылым дағдыларын* дамытуда:

- оқу түрлерін қолдану;
- оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну;
- мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату;
- мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну;
- мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу;
- мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау;
- түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу;

- мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;
- жазылым дағдыларын* дамытуда:
- дыбыс пен әріпті тану және ажырату;
- жоспар құру, оқыған/тындаған материалдың мазмұнын жазу;
- мәтінді түрлі формада құрастыру;
- түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу;
- қатені табу және түзету;
- каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау;
- орфографиялық нормаларды сақтау;
- грамматикалық нормаларды сақтау оқу мақсаттары басшылыққа алынды.

Сабактағы жаңа ұғым, түсінік мұғалім тарапынан жариялана салмай, оқулық кейіпкерлері Эли мен Мерейдің диалогтік сөйлесуі арқылы төмендегідей жүйеде берілді:

- проблеманың қойылуы және оны оқушылардың мұғаліммен бірге талдауы;
- оқушылардың өздіктерінен тілдік құбылыс туралы қорытынды жасауға немесе ереже шығаруға ұмтылуы;
- оқушылардың шығарған қорытындысын оқулықтан нақтылауы;
- берілген білімді іс жүзінде бекіту (әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындау).

«Сауат ашу. 2-бөлім» оқулығымен жұмыста конструктивтік оқуға/оқытуға, яғни *әрекеттік парадигмаға* мән беріліп, оқушылардың *түсіну, қолдану, талдау*, ақпарат негізінде жаңа мазмұн *құрастыру* және *бағалау* секілді *белсенді әрекеттері* жүзеге асырылады. Бұл жерде сауат ашу үдерісінің ең басты мәселесі мен мақсаты оқушылардың белсенді әрекеттерін ұйымдастыру болып табылады. Белсенді әрекеттер арқылы оқушылар білімді өздігінен меңгереді, үйренеді. Демек «не білу» емес, «*не жасай білу*» «Сауат ашуды» оқу/оқытудағы негізгі қағида болып табылады.

Сондықтан да «Сауат ашу» оқулығы «Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарды толықтыр», «Сұрақтардың жауабын дереккөздерден ізде», «Мәтіндегі жазылуы қиын сөздерден сөздік құрастыр», «Өлең мазмұнын әңгімеге айналдыр», «Ұйқасын тап», «Үлгіге қарап, жарнама жазып көр», «Әрі қарай не болатынын болжап, мәтінді жалғастыр» т.б. оқушының өзі құрастыратын, өзі жазатын тапсырмалардан тұрады.

Оқулықта оқушыларды белсенді әрекетке түсіретін *диалогтік* және *рефлексивті* материалдар да мол қамтылған: «Берілген жауаптардың сұрақтарын тап. Содан соң сөйлесіңдер», «Бірін даяшы, екіншің тапсырыс беруші болып сөйлесіңдер», «Суреттегі көгөністердің таласын диалог арқылы жүзеге асыр», «Футбол добы мен волейбол добы болып бір-бірмен сөйлесіңдер», «Мәтіннің мазмұнына қарама-қарсы пікір айтып көріңдер». Мұндай тапсырмалар түрлі әлеуметтік топтармен тіл табысуға қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелейтіні сөзсіз.

Оқушының тындаған мәтінінің мазмұнын дұрыс түсінуінде мәнерлеп оқудың алатын орны зор. Алайда бастауыш сынып мұғалімдерінің бәрі дерлік өз деңгейінде мәтінді мәнерлеп оқи алмайды. Дауыс қарқыны, күші, ырғағы сақталмайды, фразалық, логикалық екпіндер дұрыс қойылмайды, логикалық, психологиялық, грамматикалық кідірістер дұрыс жасалмайды. Сол себепті диктор арқылы ұнтаспаға жазылған тындау мәтіндерін қолдану оқушының тындалым дағдысын қалыптастыра алады.

Оқушылардың жазу дағдысын қалыптастыруда «Жұмыс дәптерінің» алатын орны зор. «Жұмыс дәптерінде» оқулықта жазуға берілген жаттығу жұмыстарымен қатар, оқушыларды іздену дағдыларына үйрететін және шығармашылық тапсырмалар берілген. Оқулықта берілген «көркем жаз» тапсырмасын жұмыс дәптеріне каллиграфиялық нормаға сәйкес орындап шығады.

«Сауат ашу» оқулығы материалдарын оқу/оқыту төмендегі жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылады (практикалық түрде):

- 1) бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл сыныппен);

- 2) жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары;
- 3) жағдаяттық және рөлдік ойындар;
- 4) дереккөздермен жұмыс жасау (кітап, интернет, құжаттар, мұражай);
- 5) шығармашылық жұмыстар.

Сауат ашу сабақтарында интербелсенді әдістерді қолдану бастауыш сынып оқушыларының мүмкіндіктерін ашып, қызығушылықтарын арттырады, белсенділіктерін дамытады.

Интербелсенді әдістер арқылы оқушылар сабақ үстінде еркіндікте болып, бір-бірімен тығыз танымдық, қатысымдық байланысқа түседі және осы арқылы бір-бірін үйретеді. Интербелсенді сөзінің өзі (латынша *interaction* – интеракция, яғни өзара әсер ету) өзара әсер ету дегенді білдіреді. Бастауыш оқыту үдерісінде қолданылатын интербелсенді әдістер оқушылардың сабақта белсенді іс-әрекеттер жасап, оқу материалын өзара бірлесіп шешуіне мүмкіндік жасайды.

Интербелсенді әдістер арқылы өтілетін сауат ашу сабақтарында оқушылардың белсенділігін қимыл, әлеуметтік, танымдық, қатысымдық тұрғыдан арттыру көзделеді. Бастауыш сынып оқушыларының қимыл, әлеуметтік, танымдық, қатысымдық белсенділіктерін арттыру жолдарын төмендегіше жүйелеп көрсетуге болады:

1) Оқушылардың *қимыл* белсенділігін арттыру жолдары: оқушының түсінбеген жерін орнынан тұрып, екінші оқушыдан еркін сұрауы; үлгерімі жоғары оқушының өз тобындағы үлгерімі төмен оқушыға үйретуі; оқушылардың өз топтарында тапсырма бойынша бір-бірімен сөйлесіп, ақылдасып отыруы; олардың тапсырманы орындап болғаннан кейін өзара бірін-бірі тексеруі.

2) Оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыру жолдары: олардың өзара оқушы-оқушы не мұғалім-оқушы, оқушы-мұғалім түрінде бір-біріне сұрақтар беруі; сабақта өзара пікірлесіп отыруы; қарсы топ оқушыларының қиын сұрақтарға жауап беру еркіндігінің болуы.

3) Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары: олардың қарсы топтың пікіріне өзіндік көзқарасын білдіруі; келіспеген жағдайда өзінің көзқарасын дәлелдеуі; өз тобындағы жолдастарының сөзіне қосылатындығы жөнінде өз пікірін білдіруі.

4) Оқушылардың қатысымдық белсенділігін арттыру жолдары: сабақ барысында оқушылардың бір-бірімен еркін тілдік қатынаста болуы; жауаптарын бірге жоспарлауы; сөйлейтін сөздерін нақты әрі қысқа жеткізуі; айтар ойларын әсерлі бере білуі; сөйлеушінің жаргон, диалект сөздерден таза болуы.

Интербелсенді әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

**«Маршрут» ойыны.** Бұл ойын чайнворд ұстанымы бойынша жүреді. Чайнворд (ағыл. chain – шынжыр және word – сөз) бас қатыру есебі – ойланып табылған сөздің әріптерін, алдыңғы сөздің соңғы әрпі, кейінгі сөздің алдыңғы әрпі болып табылатындай етіп, бірінің соңына бірі тізбектеле орналасқан торкөздерге сөздер толтырады.

Мысалы, *Алматы, ыдыс, сабын, нар, рақмет, тарақ, қарбыз* т.б.

**«Екі әріп» ойыны.** Бірінші қатысушы бір сөз, зат есімді айтады. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әрпінен келетін сөзді ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы айтып жатқанын түсінеді де, сол сөздің соңғы екі әрпіне сөз ойлап табады. Бір қызығы балалар сөзді жасырушының не туралы айтып жатқанын біледі, бірақ ешкім оны дауыстап айтуына болмайды.

**«Екі ассоциация» ойыны.** Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез келген адам, жануар, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап табуы керек. Мысалы, егер бірінші бағанға – мысық, екіншісіне жарық деп жазылса, екі сөзді қосып, «жарыққа жылынған мысық», «лампочка спиралы мысық мұртына ұқсайды», «лампочка сияқты мысық томпақ және жылы», «мысықтың басы лампочка сияқты» т.б. ерекше ұқсастықтар табады. Орындауға 5 минут уақыт беріледі. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады.

**«Қара жәшік» ойыны.** Оқушылар екі топқа бөлінеді. Үстел үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ олардың жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарап табуы керек.

**«Дұрыс-дұрыс емес» ойыны.** Ойынға қатысушыларды екі топқа бөледі. Оларды бір-біріне қарама-қарсы отырғызған дұрыс. Ортаға бос екі орындық қояды. Бір орындық «дұрыс» дегенді білдірсе, екінші орындық «дұрыс емес» дегенді білдіреді. Мұғалім немесе бір оқушы қағазда жазылған ой-тұжырымды оқиды: «Ы. Алтынсарин – алғаш мектеп ашушылардың бірі». Бұл тұжырымды дұрыс деп санаса, олар тез барып «дұрыс» орындығына отыруы тиіс. «Дұрыс емес» деп санаса, соған сәйкес белгіленген орындыққа отырады. Қайсысы бірінші барып отырса және жауапты дұрыс тапса, сол жеңімпаз болады.

**«Жолға шығу» ойыны.** Ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. «Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады?» деген сұрақ қойылады. Бір топ керекті заттар тізімін айтады, екінші топ ол заттар не үшін қажет екенін айтып беруі керек.

**«Кемпірқосақ» ойыны.** Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады.

**«Еске түсіру» ойыны.** Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқкиімі қандай, егер қыз бала болса, белдемшесінің түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

«Сауат ашу» пәнінің мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін, оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуға ықпал ететін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап етеді. Төменде солардың бірнешеуін ұсынып отырмыз:

## «Сұрақтар жаңбыры»

*Ұйымдастыру:* топпен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың сұрақ қою және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

*Сипаттамасы:* Оқушылар топтарға өз еркімен, қалауымен бөлінеді. Әр топ параққа сұрақтар жазып, бір-біріне лақтырады. Алған сұрақтарына жауап жазып, кері лақтырады. Жауап жазылған парақты қағып алған ойыншы сол жауаптан сұрақ тудырып, ары қарай лақтырады. Ойын осылай жалғасады.

## «Суретті әңгімеле»

*Ұйымдастыру:* барлық сыныппен, жұппен жұмыс.

*Мақсаты:* бір бөлігі берілген сурет бойынша әңгімелету, суреттегі оқиғаның басын және соңын болжату арқылы тапқызу.

*Қажетті материалдар:* сериялы суреттер.

*Сипаттамасы:* Оқушыларға сурет көрсетіліп, әңгімелетіледі. Қажет болған жағдайда әңгіменің жаңа сөздерін алдын ала үйретуге болады. Сурет әңгіменің бір бөлігі екені ескертіледі. Оқушыларға суретте бейнеленген сәттің алдында не болғаны және кейін не болатыны болжатылады. Оқушылардың өз әңгімелері тыңдалғаннан кейін әңгіменің толық нұсқасы оқылып беріледі.

Оқушылар өздері құраған әңгіме мен әңгіменің шынайы сюжетін салыстырады. Оқушыларға әңгімедегі негізгі ойды табу тапсырылады.

## «Әңгімеге негізделген жазу»

*Ұйымдастыру:* топпен/жұппен жұмыс.

*Мақсаты:* әңгіме желісі бойынша орындалған жұмысты топтарда немесе жұптарда талқылай отырып жазу; әңгіме туралы өз ойларын ортаға салу және пікір алмасу.

*Қажетті материалдар:* ақ парақтар, қалам.

*Сипаттамасы:* Берілген әңгіме бойынша шақыру қағазын, хат, ашықхат, электрондық хат, күнделік жаздыру үшін оқушылар шағын топтарға немесе жұптарға бөлінеді. Оқушылар берілген жұмыс түрлерінің бірін таңдайды немесе жеребе арқылы анықталады. Жазу уақыты белгіленіп, оқушыларға ескертіледі. Әр топта немесе жұпта бір хатшы сайланады. Оқушылар не жазатындырын талқылап, бір-бірімен пікір алмасады. Жазып біткеннен кейін олар өз жұмыстары төңірегінде ой бөліседі.

### 1. Шақыру қағазы

Оқушылар мазмұнында кеш, туған күн немесе басқа да мерекелер туралы айтылған әңгімені тыңдағаннан кейін шақыру қағазын жазады.

### 2. Хат

Оқушылар әңгіме кейіпкерінің атынан хат жазады.

### 3. Ашықхат

Оқушылар әңгіменің кейіпкерінің атынан кейіпкердің ата-анасына хат жазады.

### 4. e-mail

Оқушылар әңгіменің бір кейіпкеріне электрондық хат жазады.

### «Детектив»

*Ұйымдастыру:* топпен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың сыни ойлау, көшбасшылық дағдыларын дамыту.

*Сипаттамасы:* Оқушылар екі топқа біріктіріледі. Екі топқа да шытырман оқиғалы мәтін шағын бөліктерге бөлініп, қима қағаздарға жазылып беріледі. Олар 15 минут ішінде осы мәтіндегі шытырман оқиғаның шешімін табуы тиіс. Әр топ өз шешімдерін айтады. Қандай тәсілмен анықтағандары талқыланып, ақпараттармен жұмыс істеу туралы ой бөліседі.

### «Коллаж әңгіме»

*Ұйымдастыру:* топпен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың сыни ойлау және коммуникативтік дағдыларын дамыту.

*Сипаттамасы:* Оқушыларға түрлі түсті суреттері бар журналдар беріледі. Олар журналдардан қиып алған суреттерін флипчартқа жабыстырып, әңгіме құрастырады.

### «Менің сөзім»

*Ұйымдастыру:* ұжыммен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың сабақта алған білім, білігін бағалау.

*Сипаттамасы:* Сыныпта бір оқушы орнынан тұрып, бүгінгі сабақтан үйренгендерін қорытындылап айтады. Айтып болған соң, басқа бір оқушының атын атайды. Сөзді сол оқушы жалғастырып, сабаққа рефлексия жасайды. Барлық оқушы сабақты қорытындылауға осы ретпен қатысады.

### «Жағымды, жағымсыз, даулы»

*Ұйымдастыру:* топпен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың сыни ойлау, талдау дағдыларын дамыту, сабаққа қызығушылықтарын арттыру.

*Сипаттамасы:* Оқушылар шағын топтарға біріктіріледі. Әр топ оқылған әңгімені немесе мәтінді «жағымды, жағымсыз, даулы» мәселелерге бөліп, талқылап, өз ойларын (идеяларын) айтады. Содан кейін әр топқа тек бір мәселені бөліп беріп, олар үлкен топқа өз ойларын (идеяларын) ұсынады, ал басқа топтар толықтырып немесе қарсы пікірлер айтуына болады.

### «Here? Here? Here?»

*Ұйымдастыру:* ұжыммен жұмыс.

*Мақсаты:* орындалған тапсырмалардың түйінді тұстарымен ой бөлісу және оқушылардың рефлексиялық ойлауын дамыту.

*Сипаттамасы:* Оқушылар шеңбер бойымен тұрады. Жүргізуші осы сабақта не үйренгенін айтады және соңғы сөйлемін «неге?» деген сұрақпен аяқтайды. Келесі оқушы сол сұраққа жауап беріп, қасындағы әріптесіне «неге?» деген сөзі бар сұраулы сөйлем айтады. Келесі ойыншылар да осы әрекеттерді тізбек бойынша жалғастырады. Ойынның соңында оқушылар орындалған тапсырмаларды еске түсіріп, олардың түйінді тұстарымен ой бөліседі.



### «Қол белгісі»

*Ұйымдастыру:* ұжыммен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту.

*Сипаттамасы:* Мұғалім оқушылардан тақырыпты түсінгендігін немесе түсінбегендігін қол белгілері арқылы көрсетуді сұрайды.

«Мен түсініп отырмын және түсіндіре аламын» дегендер қолдың бас бармағын жоғары бағыттайды. «Мен әлі түсінбей отырмын» дегендер қолдың бас бармағын жанына қарай жантайтады.

«Мен түсінгеніме сенімді емеспін» дегендер қол бұлғайды.

Осы белгілерге сүйеніп, мұғалім сабақтың қай деңгейде өткенін біле алады.

### «Бағдаршам»

*Ұйымдастыру:* ұжыммен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту.

*Сипаттамасы:* Әрбір оқушыға бағдаршам түстеріне сәйкес кеспелер таратылады. Мұғалім олардан сабақты түсінген-түсінбегеніне сәйкес кеспелерді көтеруін сұрайды. Жасыл кеспе көтерген оқушылар барлығын түсінген боп есептеледі. «Не түсіндің?» сұрағы қосымша қойылады.

Сары және қызыл кеспе көтергендерден не түсініксіз болғаны айқындалып, тақырып төңірегінде қосымша жұмыстар жүргізіледі.

Бұл жүйе арқылы тақырыпты пысықтауға немесе әлі де жетілдіру керектігін білуге болады.

Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналып жазылған бұл құрал орта мерзімді жоспар түрінде түзілді. Орта мерзімді жоспардың алғашқы екі бөлігінде тақырыпқа сәйкес оқу бағдарламасына сілтеме жасалынып, онда оқу мақсаттары жүйесі, яғни оның 1-бөлігінде дағдылар (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым), екінші бөлігінде күтілетін нәтиже түріндегі оқу мақсаттары берілді. Бұл оқу мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға, оқушылардың еңбегін бағалауға және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Орта мерзімді жоспардың келесі бөліктері берілген оқу мақсаттарының жүйесін жүзеге асырудағы мұғалім іс-әрекеттерінің мазмұнын құрайды. Тақырыпты оқытудың әдістемесі (стратегиялар, әдіс-тәсілдер) беріліп, мұғалімге ескертпелер жазылған. Соңғы бөлікте оқыту ресурстары нақтыланып қойылған.

## ОҚУЛЫҚТАҒЫ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК ҮЛГІ ЖОСПАРЫ

(Барлығы – 48 сағат, аптасына – 6 сағат)

№	Тақырыптар	Сағат саны
<b>Тағам және сусын</b>		
1	Ас – адамның арқауы. Дыбыстар мен әріптер	2
2	Ас – адамның арқауы. Дауысты және дауыссыз дыбыстар	2
3	Мектеп асханасы. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар	3
4	Біздің кафеде. Буын	3
5	Біздің кафеде. Тасымал	2
6	Ұлттық тағамдар. Әліпби	3
7	Ұлттық тағамдар. Мәтін	4
8	Әңгіме оқимын. Сөйлем	2
9	Әңгіме оқимын. Сөйлемдегі сөздердің байланысы	3
10	Әңгіме оқимын. Сөз	4
<b>Дені саудың – жаны сау</b>		
11	Денсаулық – зор байлық. Заттың атын білдіретін сөздер	4
12	Денсаулық – зор байлық. Бас әріппен жазылатын сөздер	2
13	Спорт – денсаулық кепілі. Заттың қимылын білдіретін сөздер	4
14	Шынықсаң шымыр боласың. Заттың сынын білдіретін сөздер	5
15	Спорт туралы әңгіме оқимын. Заттың санын білдіретін сөздер	3
16	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	2
<b>Барлығы:</b>		48

Әдістемедегі ұсынылатын оқу/оқыту іс-әрекеттері бойынша әріптік белгілердің мәні төмендегідей:

**Ұ** = ұжымдық жұмыс (сыныппен)

**Т** = топтық жұмыс

**Ж** = жұптық жұмыс

**Ө** = өзіндік жұмыс

**ОТ** = оқушының тәжірибесі

**МК** = мұғалімнің көрсетуі

**Қ** = қалыптастырушы (формативті) бағалау

*Ескерту:* «Мұғалімнің сыйы» бағытында ұсынылған тапсырмаларды қалауыңыз бойынша қосымша ақпараттар ретінде қолдануыңызға болады.

«Сауат ашу» пәні. 1-сынып

7-бөлім. Тағам және сусын

**Осыған дейін меңгерілген білім**

7-бөлім алдыңғы бөлімдерде меңгерілген білім мен дағдыларға негізделеді. Оқушылардың оқу әрекетіне қызығушылығы бар, шағын әңгімелер мен өлеңдерді оқиды және жаза алады.

**Мәнмәтін**

Жетінші бөлім оқушылардың тағам және сусын туралы жалпы түсінік алуына, адам өміріне қажетті тағам түрлерін танып білулеріне мүмкіндік береді. Пайдалы тағамдар және күнделікті өмірдегі нанның маңызы туралы әңгімелейді. Бөлімде ұсынылған материалдар негізінде оқушылар өздеріне ұнайтын тағамның рецепін жазуға үйренеді. Оқыған немесе тыңдаған мәтін мазмұнын айта алады, әңгімені жоспарлайды және жазады. Бұл бөлім материалдары да «Дүниетану», «Жаратылыстану» пәндерімен сабақтастық байланыста жүргізіледі.

**Қысқаша шолу**

Бұл бөлімде оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту, фонематикалық есту-тыңдауын дамыту, тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) туралы ұғымдары мен түсініктерін кеңейту, дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру, сөйлемдерді жазуда көркем жазу дағдыларын қалыптастыру. Ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру жұмыстары одан әрі жалғастырылады. Оқушы тағам және сусын туралы шығармаларды оқып, олар туралы өз ойын ортаға салады. Оқушылар ұжымда, топта, жұппен жаңа сабаққа қатысты қойылған проблемалық сұрақтарға жауап іздейді, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасауды үйренеді, іздену жұмыстарын ұйымдастыра алады. Тағам және сусын туралы әңгімелердің мазмұнын айтады және ол туралы әңгіме жазады.

Оқу бағдарла-масына сілтеме	Оқу мақсаттары	Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері	Мұғалімге арналған ескертпелер (оқыту әдістемесі бойынша)	Оқыту ресурстары
<b>Тағам және сусын</b>				
1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлем-мен білдіру (ұнайды/ ұнамайды).	<b>(МК; Ұ; Ө; К)</b> Тыңдалған материал бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.	<b>1-сабақ. Ас – адамның арқауы. Дыбыстар мен әріптер.</b> Оқушыларға Әли мен Мерейдің диалогін рөлге бөліп оқытыңыз. Негізгі ойды анықтатыңыз. Оқушылардың оқулықта берілген Мерейдің сұрағына өз пікірін білдіріп, дәлелдеулер жасай алуын ұйымдастырыңыз.	<b>Оқулық</b> <a href="https://www.google.ru">https://www.google.ru</a> Дұрыс тамақтану ережесі

			Келесі тапсырманы орындауға оқушыларды дайындау мақсатында мәтін мазмұнымен жұмыс жасаңыз. Ол үшін мұғалімнің сыйы ретінде <a href="https://www.google.ru">https://www.google.ru</a> сайтындағы «Дұрыс тамақтану ережесі» тақырыбына берілген ережелері бар қызықты материалдардан өзіңізге қажеттісін таңдап алып, сабақта қолданып, жұмыс жүргізіңіз.	
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.	<b>(МК; Ө; К)</b> Әңгіменің мазмұнын сұрақтарға толық жауап бере отырып, ретімен баяндау білігін бағалау.	<i>1-жаттығу.</i> Оқулықта берілген мәтінді оқушыларға оқытыңыз. Әңгіме желісі бойынша сұрақтар қойып, мазмұндатыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына ықпал етіңіз. Оқушылардың тақырып мазмұнына сай келетін өздері білетін тақпақтар, өлеңдер, жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді айтуларына мүмкіндік жасаңыз. Мұғалімнің сыйы ретінде <a href="http://massaget.kz/">http://massaget.kz/</a> сайтындағы « <i>Дұрыс тамақтанудың алтын ережелері</i> » туралы ақпараттың шағын бөлігін оқып беріңіз.	Оқулық <a href="http://www.balalaralemi.kz">http://www.balalaralemi.kz</a> ертегілер әңгімелер тақпақтар мақал-мәтелдер жұмбақтар <a href="http://massaget.kz/">http://massaget.kz/</a> Дұрыс тамақтанудың алтын ережелері
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауысыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	<b>(МК; Ж; К)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу білігін бағалау.	Оқушыларға оқулықта берілген <i>тамақ, сусын, кәмпит</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасатыңыз. Тақтамен жұмыс жүргізіңіз.	Оқулық Тақтамен жұмыс
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның	<b>(МК; Т; Ө; К)</b> Оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау,	<i>2–3-жаттығулар.</i> Оқушылардың бұған дейінгі игерген білімдерін естеріне түсіру мақсатында «Дыбыстар мен әріптер» туралы	Оқулық <a href="https://www.google.ru">https://www.google.ru</a> <a href="#">картинки</a>

	ретін сақтай отырып баяндау.	игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алу білігін бағалау.	білгендерін айтуларына мүмкіндік жасаңыз. Оқулықта берілген сюжетті суретпен жұмыс ұйымдастырып, мәтінді оқушыларға оқытыңыз. Оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау, игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алу біліктерін бағалауды ұйымдастырыңыз. Сабағыңызға қажетті қосымша материалды <a href="https://www.google.ru">https://www.google.ru</a> сайтынан (дыбыстар мен әріптер) алуға болады.	<u>дыбыстар мен әріптер</u>
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.	<b>(МК; Ұ)</b> Мәліметті мұқият тыңдау.	Оқушыларға оқулықтан Әли мен Мерейдің диалогін рөлге бөліп оқытыңыз. Оларға оқулықтағы жаңа ақпаратты оқып беріп, талдау жасатыңыз. Оқушыларға жаңа ақпаратты игерту мақсатында мысалдар келтіріп, тақтада дәлелдеу жұмыстарын жасап көрсетіңіз.	Оқулық Тақтамен жұмыс
3.5 Мәтінді түрлі формада құрастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер /мәтін құрастыру және жазу.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Суреттердің көмегімен әңгіме құрай алу, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасай алу білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Оқушылардың назарын оқулықтағы сюжетті суретке аударып, оқиғаға байланысты өз пікірін білдіруге мүмкіндік беріңіз. Ұсынылған тапсырма бойынша әңгіме құрастырып жазуын ұйымдастырыңыз. Оқулықта берілген тапсырманы №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Жазған жұмыстарын топта жариялап, өз іс-әрекеттеріне «Қол белгісі» әдісі арқылы рефлексия жасатып, жұмыстарын бағалатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Сөз бен сөйлемді ажырату, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну білігін бағалау.	<i>5-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың сөйлемді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Жазған сөйлемдерін оқытып, түсінігін сұраңыз. <i>Адам, тамақ, дәмді</i> сөздерінде неше дыбыс, неше әріп бар екендігін анықтатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс

	сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.		Тақтамен жұмыс ұйымдастырыңыз. Сөздерді буынға бөлдіріп, дыбыстық талдау жасатыңыз. Жұмыс дәптерінде берілген тапсырманы орындатыңыз. Ребусты шешкізіп, табылған сөзді және дыбыс санын торкөздерге жазғызыңыз.	
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	<b>(М; Ұ; Т; Қ)</b> Мәтіндегі негізгі ойды анықтай алу, қойылған проблемалық сұрақтың жауабын тауып, ой қорытып, кері байланыс жасау білігін бағалау.	<b>2-сабақ. Ас – адамның арқауы. Дыбыстар мен әріптер.</b> Мұғалімнің сыйы ретінде <a href="http://massaget.kz/">http://massaget.kz/</a> сайтындағы «Дұрыс тамақтану тәртібі» туралы ақпаратты оқып беріңіз. <i>1-жаттығу.</i> Оқушылардың мәтіндегі негізгі ойды анықтай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушыларға мәтінді мәнерлеп оқытыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз. Оқушылардың өзіндік ой-тұжырым жасап, қорытынды шығаруына ықпал етіңіз. «Дүниедегі ең тәтті не болды?» сұрағына жауап алып, дәлелдеулер жасатып, ой қорытып, « <i>Менің сөзім</i> » әдісі арқылы кері байланыс жасатыңыз.	Оқулық <a href="http://massaget.kz/">http://massaget.kz/</a> сайтындағы «Дұрыс тамақтану тәртібі»
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың сөйлемді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Жазған сөйлемді оқытып, түсінігін сұраңыз. Сөйлемдегі сөздерді буынға бөлдіріп, буын санын анықтатыңыз. Тақтамен жұмыс жүргізіңіз. <i>Түз</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс

1.9 Сөздерді, дыбыс- тарды орфоэпия- лық норма- ларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі ды- быс түрле- рін (дауыс- ты, дауыс- сыз, жуан және жіңіш- ке дауысты- лар) ажыра- ту және дұ- рыс дыбыстау.	<b>(МК; ОТ; Қ)</b> Дыбыс түрлерін ажырату біліктерін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Оқушыларға ойынның шартын мәнерлетіп оқытыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген ойын бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың ортасынан бөлінген әріптерді бұрынғы қалпына келтіруіне мүмкіндік жасаңыз. Әріптерге дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық
1.9 Сөздерді, дыбыс- тарды орфоэпия- лық норма- ларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.2 Дыбыстар- дың мағына ажырату- шылық қызметін түсіну.	<b>(МК; Ө; Т; Қ)</b> Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну білігін бағалауды жүзеге асырыңыз. Сөйлемдерді қатесіз көшіртіп жазғызыңыз. Қарамен берілген сөздердің мағынасы қай дыбыстың әсерінен өзгеріп тұрғанын тапқызыңыз. Оқушылардан өз ойларын айтып, көзқарастарын білдіруіне ықпал етіңіз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.9 Сөздерді, дыбыс- тарды орфоэпия- лық норма- ларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.2 Дыбыстар- дың мағына ажырату- шылық қызметін түсіну.	<b>(МК; Т; Қ)</b> Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну, өз ой- ларын айтып дәлелдеулер жасау, өз іс- әрекеттеріне рефлексия жа- сай алу білігін бағалау.	<i>5-жаттығу.</i> Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Сөз жұптарын оқытыңыз. Сөз жұптарының мағынасы қай дыбыстың әсерінен өзгеріп тұрғанын анықтатыңыз. Оқушылардың өз ойларын айтып, дәлелдеулер жасай алуына ықпал етіңіз. Жазған жұмыстарын топта жариялатып, өз іс-әрекеттеріне «Бағдаршам» әдісі арқылы рефлексия жасатыңыз.	Оқулық
1.9 Сөздерді, дыбыстар- ды орфо- эпиялық нормалар- ға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.	<b>(МК; ОТ; Ө; Қ)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу білігін бағалау.	<i>6-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Дыбыстардың өзгеруінен және буындардың қосылуынан жаңа сөз пайда болатындығын практикалық іс- әрекетте көрсетіп, дәлелдеулер жасай алуын ұйымдастырыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс



			<p>Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойғызып, мағыналы сөз құрап жазуына ықпал етіңіз.</p> <p>Жұмыс дәптерінде берілген тапсырманы орындатыңыз.</p> <p>Жемістердің атауын сол жақтағы, артық әріптерді оң жақтағы торкөздерге жазғызыңыз.</p>	
<p>1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.</p>	<p>1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.</p>	<p><b>(МК; Ұ; Ө; К)</b> Оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау, сұрақтарға толық жауап бере алу білігін бағалау.</p>	<p><b>3-сабақ. Ас – адамның арқауы. Дауысты және дауыссыз дыбыстар.</b></p> <p>Оқушылардың «дыбыстар мен әріптер», «дауысты және дауыссыз дыбыстар» туралы білгендерін естеріне түсіруіне мүмкіндік жасаңыз. Мұғалімнің сыйы ретінде (<a href="http://www.on.kz/">http://www.on.kz/ Ас атасы – нан/ Айгүл Болатханқызы</a>) Зейнеп апаның естелігінен үзінді оқып беріңіз.</p> <p>Оқулықта берілген Әли мен Мерейдің диалогін рөлге бөліп оқытыңыз.</p> <p><i>1-жаттығу.</i> Оқушыларға мәтінді мәнерлетіп оқытып, әңгіме желісі бойынша сұрақтар қоя отырып, мазмұндатыңыз.</p> <p>Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз.</p> <p>Оқушылардың әңгімені тыңдау барысында алған әсерлерімен бөлісіңіз.</p>	<p><u>Оқулық</u> <a href="http://www.on.kz/">http://www.on.kz/ Ас атасы – нан/ Айгүл Болатханқызы</a> Зейнеп апаның естелігі</p>
<p>1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.</p>	<p>1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.</p>	<p><b>(МК; Ұ; Ө; К)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу білігін бағалау.</p>	<p>Оқушыларға оқулықта берілген <i>нан, бала, қасиетті</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасатыңыз.</p> <p>Сөздерді буынға бөліріп, буын санын анықтатыңыз.</p> <p>Оқушылардың білімін жаңа ақпаратпен толықтыру жұмыстарын жүргізіңіз. Алған ақпараттарымен ой бөлісіңіз.</p> <p>Игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдану білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>

3.7 Қатені табу және түзету.	1.3.7.1 Мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету.	<b>(МК; Ө; Ж; Қ)</b> Қатені табу және түзету білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Тапсырманы өзіндік жұмыс түрінде ұйымдастырыңыз. Оқулықтағы тапсырмаларды оқытып, сөйлемдерді көшіртіп жазғызыңыз. Бірінші сөйлемдегі сөздерге дыбыстық талдау жасатыңыз. Жүппен жұмыс жүргізіңіз. Оқушылардың қатені табу және түзету бағытындағы жұмысын ұйымдастыра отырып, өзара бағалауды іске асырыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Ұ; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушыларға оқулықта берілген сөйлемді суретпен сәйкестендіріп, сұраққа жауап бергізіңіз.	Оқулық
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	<b>(МК, Ж; Қ)</b> Әріпті тану, ажырату, жасырынған әріптерді табу, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасау білігін бағалау.	Әріпті тану, ажырату, жасырынған әріптерді табу, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасау білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Жасырынған әріптерден басталатын тағам атауларын тапқызып, олар туралы білетін ақпараттарымен бөлісіңіз. Өздерінің ұнататын тағамдары туралы әңгімелетіңіз.	Оқулық Тақтамен жұмыс <a href="http://www.Balalaralemi.kz">http://www.Balalaralemi.kz</a> <a href="https://www.Google.kz">https://www.Google.kz</a> картинки
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін калли-	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Өлеңді жатқа айтқызып, мазмұнына талдау жасатыңыз. Оқушылардың өлеңді жатқа жазуын қадағалаңыз. Қатемен жұмыс жүргізіңіз. Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалауды жүзеге асырыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс

	графиялық талаптарға сай жазу.		Дәптердегі шығармашылық тапсырманы орындатыңыз. Суреттен дауысты, дауыссыз әріптерді тауып жазғызыңыз. Мысалы, Дауысты: о. Дауыссыз: н, м, п, т, ш, л, г.	
1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ұнамайды).	<b>(МК; Ұ; ОТ; Қ)</b> Тыңдалған материал бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.	<i>5-жаттығу.</i> Оқулықта берілген тапсырманы оқытыңыз. Оқушының өз таңдауы бойынша пікірін айтуға мүмкіндік жасаңыз. Оқушыларға пікірін айтып үйрену үшін өзіне ұнайтын тағам түрлерін таңдап болған соң, « <i>Саған қандай тағам ұнайды? Неліктен? Әсіресе саған не ұнады немесе ұнамады?</i> » деген сұрақтар қойылуы қажет. Оқушылардың өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасауын ұйымдастырыңыз.	Оқулық
3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу.	1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу.	<b>(МК; Т; Қ)</b> Бес жолды өлең құрастыра алу, пікір алысып, рефлексия жасай алу біліктерін бағалау.	Шығармашылық тапсырма. «Аспазшы» тақырыбына үлгі бойынша өлең құрастыртыңыз. Керекті сөздер: <i>аспазшы, епті, әзірлейді, маман, т.с.с.</i> Үлгі: Зат есім (1) Сын есім (2) Етістік (3) Сезімді білдіретін тіркес (4) Синоним (1) Оқушылар өлеңдерін топта жариялап, пікір алысады. Сабақтан алған әсерлерімен ой бөлісіп, кері байланыс жасайды.	<a href="http://www.Balalaralemi.kz">http://www.Balalaralemi.kz</a> <a href="https://www.Google.kz">https://www.Google.kz</a> постер жасауға қажетті материалдар Бес жолды өлеңнің үлгісі Аспазшы мамандығына қатысты суреттер
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы	<b>(МК; Ұ; Ө; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	<b>4-сабақ. Ас – адамның арқауы. Дауысты және дауыссыз дыбыстар.</b> Мұғалімнің сыйы ретінде <a href="http://massaget.kz/">http://massaget.kz/</a> сайтындағы « <i>Асты ысырап етпеу – ізгіліктің үлкені</i> » туралы ақпаратты оқып беріңіз. <i>1-жаттығу.</i> Ой ұшқырлығын,	<a href="http://massaget.kz/">http://massaget.kz/</a> Асты ысырап етпеу – ізгіліктің үлкені

	бойынша болжау.		иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушылардың суреттерді ретімен қою себебін анықтатып, дәлелдеулер жасауын ұйымдастырыңыз. Сурет желісі бойынша әңгіме құратыңыз.	Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(МК; Ө; Т; К)</b> Ой ұшқырлығын, мәтін мазмұны бойынша болжай алу білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Мәтінді мәнерлетіп оқытыңыз. Әрі қарай мәтін желісіне сүйене отырып, өздерінің болжам жасап аяқтауына ықпал етіңіз. Неге олай жалғастыруының себебін анықтатып, дәлелдеулер жасатыңыз. Мәтін мазмұнына қарама-қарсы пікір айтқызып көріңіз.	Оқулық
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК;Ө;К)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың мақалды көркемдеп жазуын қадағалаңыз. <i>Жазған мақалдарын оқытып, түсінігін сұраңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз.</i>	<u>Оқулық</u> <u>Дәптермен жұмыс</u> <a href="http://www.Balalaralemi.kz">http://www.Balalaralemi.kz</a>
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	<b>(МК; Ө; Ұ; К)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушыларға оқулықта берілген дыбыстарды дауысты және дауыссыз болып бөлінуіне байланысты топтатып жазғызыңыз. Игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алу біліктерін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кейбір сөздерге дыбыстық талдау жасатыңыз. Тақтамен жұмыс ұйымдастырыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс

			Дәптердегі тапсырманы орындатыңыз. Сөйлемді дауысты дыбыспен аяқталған сөзбен толықтыртып жазғызыңыз.	
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.	<b>(МК; Ұ; К)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу, сәйкестендіру біліктерін бағалау. Өз ойларын айтып, дәлелдеулер жасай алуы мен өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасай алу білігін бағалау.	Қосымша тапсырма. Дыбыстардың өзгеруінен және буындардың қосылуынан жаңа сөз пайда болатындығын практикалық іс-әрекетте қолданып, дәлелдеулер жасай алуын ұйымдастырыңыз. Тақтамен жұмыс жасатыңыз. Оқушылардың өз ойларын айтып, дәлелдеулер жасай алуына ықпал етіңіз. Жазған жұмыстарын топта жариялап, өз іс-әрекеттеріне көңіл күйді білдіретін «Смайликтер» әдісі арқылы рефлексия жасатыңыз.	Тақтамен жұмыс Смайликтер
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.	<b>(МК; Ө; ОТ; К)</b> Мәтіннің мазмұнын сұрақтарға толық жауап бере отырып, ретімен баяндау білігін бағалау.	<b>5-сабақ. Мектеп асханасы. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар. 1-жаттығу.</b> Оқулықта берілген мәтінді оқушыларға оқытыңыз. Әңгіме желісі бойынша сұрақтар қойып, мазмұндатыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз. Мұғалімнің сыйы ретінде тақырып мазмұнына сай келетін суреттерді қолданып ( <a href="http://massaget.kz/">http://massaget.kz/</a> аспазшы Тағамнан жасалған жалаулар), аспазшы шеберлігі туралы қызықты ақпарат айтып беріңіз.	Оқулық <a href="http://www.balalaralemi.kz">http://www.balalaralemi.kz</a> <a href="https://www.Google.kz">https://www.Google.kz</a> картинки  <a href="http://massaget.kz/">http://massaget.kz/</a> аспазшы Тағамнан жасалған жалаулар
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке	<b>(МК; Т; К)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу білігін бағалау.	Оқушыларға мәтіндегі бірінші сөйлемге дыбыстық талдау жасатыңыз. Дауысты дыбыстардың жуан немесе жіңішке екенін айтқызыңыз. Оқушылардың білімін жаңа ақпаратпен толықтыру жұмыстарын жүргізіңіз.	Оқулық

дұрыс айту.	дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.		Алған ақпараттарымен ой бөлісіңіз. Игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың сөйлемдерді көркемдеп жазуын қадағалаңыз. Сөйлемдегі дауысты дыбыстардың жуан немесе жіңішке екенін ажыратқызыңыз. Дәптермен, тақтамен жұмыс жүргізіңіз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
3.7 Қатені табу және түзету.	1.3.7.1 Мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету.	<b>(МК; Ө; Ж; Қ)</b> Өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасай отырып, қатені табу және түзете алу білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Тапсырманы жұптық жұмыс түрінде ұйымдастырыңыз. Жұппен жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың қатені табу және түзету білігін бағалаңыз. Оқулықтағы тапсырмаларды оқытып, сөйлемдерді көшіртіп жазғызыңыз. <i>Балалар, күшік</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасатыңыз. Орындалған жұмысты өзара бағалауды іске асырыңыз. Оқушылардың жазған жұмыстарын топта жариялап, дәлелдеулер жасай алуына ықпал етіңіз. Өз іс-әрекеттеріне « <i>Бағдаршам</i> » әдісі арқылы рефлексия жасатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	Жұмыс дәптерінің 11-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Сандарға сәйкес екі сурет құрастыртыңыз. Жуан айтылатын сөздерді бірінші, жіңішке айтылатын сөздерді екінші қатарға жазғызыңыз.	Дәптермен жұмыс

	иллюстрациясы бойынша болжау.		Дәптердің 12-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Жуан дауысты дыбыстарды жіңішке дауысты дыбыстарға алмастыртып жазғызыңыз. Мағынасына талдау жасатыңыз.	
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.	<b>(МК; ОТ; Ө; К)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу, сәйкестендіру білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Дыбыстардың өзгеруінен және буындардың қосылуынан жаңа сөз пайда болатындығын практикалық іс-әрекет негізінде көрсетіп, оқулықтағы тапсырманы орындатыңыз. Сөздердің мағынасын қаншалықты түсінгенін тексеру мақсатында сөйлемдер құрастыртыңыз. Сөздердегі дауысты дыбыстардың жуан немесе жіңішке екендігін анықтатыңыз. Тақтамен жұмыс жасатыңыз.	Оқулық Тақтамен жұмыс
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	<b>(МК; Ж; К)</b> Өлеңді түсініп, нақышына келтіріп оқу білігін бағалау.	<b>6-сабақ. Мектеп асханасы. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар.</b> <i>1-жаттығу.</i> Оқулықта берілген өлеңді нақышына келтіріп, түсініп оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Өлеңді мәнерлетіп оқытыңыз. Оқу түрлерін қолдану арқылы тізбек құрып, хормен оқытыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз.	Оқулық <a href="https://www.Google.kz">https://www. Google.kz</a> картинки
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Т; К)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Сөзжұмбақты дұрыс шешсе, өлеңдегі аспазшының аты шығатынын айтып, іздену жұмысын ұйымдастырыңыз. Ол үшін суреттегілердің атауларын тиісті торкөздерге орналастыртыңыз. Шешуі: <i>Самат.</i>	Оқулық

			Әрі қарай оқушылардан оқулықта берілген сұрақтарға жауап алыңыз.	
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың сөйлемдерді көркем жазуын қадағалаңыз. Мағынасына талдау жасатыңыз. Дауысты дыбыстардың жуан немесе жіңішке екенін айтқызыңыз. Дәптермен, тақтамен жұмыс жүргізіңіз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Тапсырма бойынша ой қорытып, кері байланыс жасай алу білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Оқушыларға тапсырманы оқытып, іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз ойларын айтып, дәлелдеулер жасай алуына ықпал етіңіз. Жұмыстарын топта жариялап, таңдаған тағамының қаншалықты пайдалы екендігін дәлелдетіп, өз іс-әрекеттеріне «Менің сөзім» әдісі арқылы рефлексия жасатыңыз.	Оқулық
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	<b>(МК; Ұ; Ө; Қ)</b> Дыбыс түрлерін ажырату білігін бағалау.	<i>5-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушыларға сөйлемдерді көшіртіп жазғызыңыз. Оқушыларға сөйлемдердің мазмұнына талдау жасатыңыз. Дауысты дыбыстардың жуан немесе жіңішке екенін анықтатыңыз. Дәптердің 13-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Суреттерге сәйкес келетін жуан дауыстыдан басталатын әріптерді сызықпен қосқызыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс



1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Әңгіменің мазмұнын сұрақтарға толық жауап беріп, ретімен баяндай алу білігін бағалау.	<b>7-сабақ. Мектеп асханасы. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар.</b> <i>1-жаттығу.</i> Оқулықта берілген мәтінді оқушыларға оқытыңыз. Әңгіме желісі бойынша сұрақтар қойып, мазмұнын айтқызыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз. Оқушылардың мәтіндегі соңғы сөйлемнің мағынасын талдауына ықпал етіңіз. Тақтамен жұмыс жүргізіңіз. <i>Тағам, сәбіз</i> сөздерінің дыбыстық сызбасын жасатыңыз.	Оқулық Тақтамен жұмыс
3.7 Қатені табу және түзету.	1.3.7.1 Мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету.	<b>(МК; Ө; Ж; Қ)</b> Қатені табу және түзету білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқулықтағы тапсырмаларды оқытып, жұмбақты жатқа жазғызыңыз. Жұмбақтың шешуіне дыбыстық талдау жасатыңыз. <b>Шешуі: жеміс.</b> Оқушылардың жұппен жұмыс жасап, орындалған жұмысты өзара бағалауын іске асырыңыз. Қатені табу және түзету білігін бағалаңыз. Дәптердің 14-бетіндегі тапсырмаларды орындатыңыз. Берілген сөздердегі ортақ дыбыстарды тапқызып, көркем жазғызыңыз. Мысалы: ү, а, ұ. Үсенге жіңішке дауысты дыбыстары бар балықтарды аулауға көмектестіріп, тапқан сөздерін дәптерге жазғызыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Т; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжау білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Оқушылардың ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Ребустың шешуін тапқызып, оқулықта берілген тапсырмамен жұмыс ұйымдастырыңыз. <b>Шешуі: картон, қаймақ.</b>	Оқулық

<p>1.6 Тыңдаушының назарын аудару.</p>	<p>1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану.</p>	<p><b>(МК;Т;К)</b> Тыңдаушының назарын аударып, жаңылтпашты жатқа айту білігін бағалау.</p>	<p><i>4-жаттығу.</i> Тыңдаушының назарын өзіне аударып, жаңылтпашты жатқа айта алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдана алу шеберліктерімен жұмыс жүргізіңіз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.</p>	<p>1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.</p>	<p><b>(МК;Ұ;Ө;К)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, іздену жұмыстарын жүргізіп, өз іс-әрекетіне рефлексия жасау мүмкіндігін бағалаңыз.</p>	<p>Оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушыларға сөздердегі <b>ы, і</b> дыбыстарының бір-біріне ұқсастығы мен бір-бірінен өзгешелігінің мәні неде екеніне дәлелдеулер жасатыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз. Дыбыс түрлерін ажырату, іздену жұмыстарын жүргізіп, өз іс-әрекетіне рефлексия жасау мүмкіндігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушылардың жұмыстарын топта жариялатып, өз іс-әрекеттеріне «<i>Менің сөзім</i>» әдісі арқылы рефлексия жасатыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну.</p>	<p>1.2.2.1 Мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну.</p>	<p><b>(МК;Ұ;Ө;К)</b> Мәтіннің мазмұнын түсіну білігін бағалау.</p>	<p><b>8-сабақ. Біздің кафеде. Буын.</b> <i>1-жаттығу.</i> Мәтінмен жұмыс жасата отырып, түсінгенін айта алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқулықта берілген мәтінді оқушыларға оқытыңыз. Келесі тапсырманы орындауға оқушыларды дайындау мақсатында мәтін мазмұнымен жұмыс</p>	<p>Оқулық <a href="https://www.Google.kz">https://www. Google.kz</a> картинки</p>

			жасаңыз. Оқулықтағы сұрақтарға жауап алу, іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз.	
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.	<b>(МК; Ө; Ұ; Қ)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу білігін бағалау.	Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Мәтіндегі қарамен жазылған сөйлемдерді көшіртіп жазғызып, <i>дәрігер, наубайшы</i> сөздерін буынға бөлдіріп, буын санын анықтатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау білігін бағалау.	Оқулықта берілген Әли мен Мерейдің диалогін мәнерлетіп оқытыңыз. Оқығаны бойынша талдау жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың білімін жаңа ақпаратпен толықтыру жұмыстарын жүргізіңіз. Алған ақпараттарымен ой бөлісіңіз. Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау білігін, игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алуын бағалауды ұйымдастырыңыз.	Оқулық
1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану.	1.1.5.1 Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдану.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерді қолдану білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқушылардың түрлі жағдаяттарда этикет сөздерді қолдануын ұйымдастырыңыз. Олардың оқулықта берілген сандықшада тағы да қандай ізетті сөздер болуы мүмкін екенін тауып, өз ойын айтып, дәлелдеулер жасауына ықпал етіңіз. Ізетті сөздерді қолданып, сөйлем құратыңыз.	Оқулық
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.	<b>(МК; Ж; Қ)</b> Сурет бойынша әңгіме құрау білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Мұғалімнің сыйы ретінде <a href="http://balapan.kaztrk.kz/kz">http://balapan.kaztrk.kz/kz</a> сайтындағы «Аспаз мектебі» бағдарламасынан үзінді көрсетіңіз. Әрі қарай оқулықтағы сюжетті суретті басшылыққа алып, ізетті сөздерді қолданып, «Кафеде» тақырыбында сыныптас досымен	Оқулық <a href="http://balapan.kaztrk.kz/kz">http://balapan.kaztrk.kz/kz</a> Аспаз мектебі

			сөйлесуін ұйымдастырыңыз. Сөйлеу барысында <i>өтінемін, мүмкін болса, ғафу етіңіз</i> сөздерін қолдануына ықпал етіңіз.	
3.5 Мәтінді түрлі формада құрастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер /мәтін құрастыру және жазу.	<b>(МК; Ө; К)</b> Суреттердің көмегімен сөйлем құрай алу білігін бағалау.	<b>4-жаттығу.</b> Оқулықта берілген сызба-үлгілермен жұмыс ұйымдастыруда сөйлемнің жеке сөздерден тұратындығын, сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен жазылып, соңынан тыныс белгісі қойылатынын практикалық тұрғыда естеріне түсіріңіз. Оқушылардың өз ойларын айтып, дәлелдеулер жасай алуына ықпал етіңіз. Берілген сызба-үлгілерге сүйеніп, суреттегі тағамдардың атауларын қойғызып, сөйлемдерді көшіртіп жазғызыңыз. №1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Жұмыстарын топта жариялап, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасату мақсатында «Қол белгісі» әдісі арқылы жұмыстарын бағалатыңыз.	Оқулықпен жұмыс Дәптермен жұмыс
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.	<b>(МК; Ө; Ұ; К)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу білігін бағалау.	<b>5-жаттығу.</b> Оқулықта берілген «Кім жылдам?» ойынын ойнатыңыз. Әуелі бір буынды, содан кейін екі буынды және үш буынды сөздерді ататыңыз. №1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. 16-беттегі тапсырманы орындатыңыз. Суреттегі заттардың аттарын тапқызыңыз. Сөздерді буынға бөлдіріп жазғызыңыз. Тақтамен жұмыс жасатыңыз.	Оқулықпен жұмыс Тақтамен жұмыс
1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды).	<b>(МК;Ұ;Т;К)</b> Тыңдалған материал бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.	<b>9-сабақ. Біздің кафеде. Буын.</b> Мұғалімнің сыйы ретінде <a href="http://balapan.kaztrk.kz/kz">http://balapan.kaztrk.kz/kz</a> сайтындағы «Аспаз мектебі» бағдарламасынан үзінді көрсетіңіз. Әли мен Мерейдің диалогін рөлге бөліп оқытыңыз. Алған ақпараттарымен ой бөлісіңіз.	<a href="http://balapan.kaztrk.kz/kz">http://balapan.kaztrk.kz/kz</a> сайтындағы «Аспаз мектебі» Оқулық

			<p><i>1-жаттығу.</i> Тапсырманы оқытыңыз.</p> <p>Оқушының өз тандауы бойынша пікірін айтуға мүмкіндік жасаңыз.</p> <p>Оқушыларға пікірін айтып үйрену үшін кафені жабдықтауда өзіне ұнайтын заттарды таңдатып, «Неліктен бұл заттарды таңдадың? Әсіресе саған не ұнады немесе ұнамады?» деген сұрақтар қойыңыз.</p> <p>Оқушылардың өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасауын ұйымдастырыңыз.</p> <p>Кафеге келген қонақтарды қандай этикет сөздерді қолданып, қарсы алуға болатынын айтқызып көріңіз.</p>	
1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну.	1.1.1.1 Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.	<b>(МК; Ө; Т; Қ)</b> Сөз бен сөйлемді ажырату, сөздің мағынасын, сөйлемнің мазмұнын түсіну білігін бағалау.	<p><i>2-жаттығу.</i> Оқулықта берілген мәтінді мәнерлетіп оқытыңыз.</p> <p>Оқығаны бойынша талдау жұмыстарын ұйымдастырыңыз.</p> <p>Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз.</p> <p>Оқушылардың өз ойларын ашық айтып, дәлелдеулер жасай алуына мүмкіндік жасаңыз.</p> <p>Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз.</p> <p>Оқулықта берілген сөздерді буынға бөлдіріп жазғызып, буын санын анықтатыңыз.</p>	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.	<b>(МК;Ө;Қ)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу білігін бағалау.	<p><i>3-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқулықта берілген сөйлемдерді көшіртіп жазғызып, сөйлемдегі сөздердің буын санын анықтатыңыз. Дәптердің 17-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Суреттегі артық затты дөңгелектеп қоршатыңыз.</p> <p>Буын санына қарай сөздерді топтап жазғызыңыз.</p>	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.4 Оқығаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын	<b>(МК; Ж; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация	<p><i>4-жаттығу.</i> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.</p>	Оқулық Смайликтер

	тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	бойынша болжау, өз іс-әрекетіне кері байланыс орната алу білігін бағалау.	Оқулықта берілген тапсырмамен жұмыс ұйымдастырыңыз. Буындардан мақал құратыңыз. Жұмыстарын топта жариялап, өз іс-әрекеттеріне көңіл күйді білдіретін «Смайликтер» әдісі арқылы рефлексия жасатыңыз. Мақалдың мағынасына талдау жасатыңыз. Өз ойларын айтып, дәлелдеулер жасай алуына ықпал етіңіз.	
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Ұ; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжау білігін бағалау.	<b>10-сабақ. Біздің кафеде. Буын.</b> <i>1-жаттығу.</i> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Сюжетті суретпен жұмыс ұйымдастырыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтарға жауап алып, іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз.	Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Т; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжау, дәлелдеулер жасау білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Мұғалімнің сыйы ретінде <a href="https://www.Google.kz">https://www. Google. kz</a> сайтынан (картинки) көгөністердің пайдасы туралы қызықты ақпараттары бар суреттерді іріктеп алып, қосымша мағлұмат беріңіз. Көгөністерден қандай тағамдар дайындауға болатынын топтық тапсырма ретінде ұсыныңыз. Оқушылардың топта суреттегі көгөністерден қандай тағам жасауға болатынын талқылуына ықпал етіңіз. Топтық жұмыстарын топта жариялатып, өз ойларын дәлелдетіп, басқа топтардың жұмыстары туралы пікірлерін айтқызыңыз.	Оқулық <a href="https://www.Google.kz">https://www. Google. kz</a> картинки Көгөністердің пайдасы Топтық жұмысқа қажетті материалдар
3.7 Қатені табу және түзету.	1.3.7.1 Мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тек-	<b>(МК; Ө; Ж; Қ)</b> Сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Тапсырманы жұптық жұмыс түрінде ұйымдастырыңыз. Оқулықтағы жұмбақты оқытып, көшіріп	Оқулық Дәптермен жұмыс

	серу және қателерін түзету.		жазғызыңыз. Жұмбақтың шешуін тапқызып, дыбыстық талдау жасатыңыз. <b>Шешуі: орамжапырақ.</b> Жұппен жұмыс жүргізіп, оқушылардың орындалған жұмысты өзара бағалауларын іске асырыңыз. Сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету білігін бағалаңыз.	
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу білігін бағалау.	<b>4-жаттығу.</b> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Көгөніс атауларын қойғызып, өлеңді мәнерлетіп оқытыңыз. Көгөніс атауларын тапқызып, оларды буынға бөлдіріп жазғызыңыз. Тақтамен жұмыс жасатыңыз. Мұғалімнің сыйы ретінде көгөніс атауларына қатысты өлеңдер оқып беріңіз, жұмбақтар шешкізіңіз. Өздері білетін өлеңдері, тақпақтары, жұмбақтары болса, айтуларына мүмкіндік жасаңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс <a href="http://www.balalaralemi.kz">http://www.balalaralemi.kz</a>
3.7 Қатені табу және түзету.	1.3.7.1 Мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету.	<b>(МК; Ө; Ж; Қ)</b> Қатені табу және түзету білігін бағалау.	<b>5-жаттығу.</b> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқулықтағы тапсырмаларды оқытып, сөйлемдерді көшіртіп жазғызыңыз. Жұппен жұмыс жүргізіп, оқушылардың орындалған жұмысты өзара бағалауларын іске асырыңыз. Қатені табу және түзету білігін бағалаңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Ө; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжау білігін бағалау.	№1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Дәптердің 19-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Жемістер мен көгөністердің қайсысы қайда өсетінін сызықтармен қосқызыңыз. Дәлелдеулер жасатыңыз.	Дәптермен жұмыс
3.5 Мәтінді түрлі	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты	<b>(МК; Ж; Қ)</b> Үлгіге сүйеніп, жұмбақ	Қосымша тапсырма. Шығармашылық жұмыс. Оқушылар жұппен жұмыс	Жұмбақ құрастыру үлгісі

<p>формада құрастыру.</p>	<p>керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер /мәтін құрастыру және жазу.</p>	<p>құрастыру. Оқушылардың ой ұшқырлығын, шығармашылықпен жұмыс жасап, кері байланыс жасай алу білігін бағалау.</p>	<p>жасайды. Үлгіге сүйеніп, жұмбақ құрастыртыңыз.  <b>Керекті сөздер:</b> тағам әзірлейді, асхана, кең, дәмхана, жарық, ас мәзірін ұсынады т.с.с.  Керекті сөздерді басқа сөздермен алмастыруыңызға немесе оқушылардың өздеріне таңдатуыңызға болады.  Жұмбақ құрастыру кестесінің үлгісі:</p> <table border="1" data-bbox="790 543 1229 840"> <thead> <tr> <th>Қандай?</th> <th>Не істейді?</th> <th>Осындай тағы не бар?</th> <th>Көмекші сөздер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>емес</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>емес</td> </tr> </tbody> </table> <hr/> <p>Бұл не? Бұл – кафе.</p> <hr/> <p>Оқушылар жұмбақтарын топта жариялап, пікір алысады. Сабақтан алған әсерлерімен ой бөлісіп, кері байланыс жасайды.</p>	Қандай?	Не істейді?	Осындай тағы не бар?	Көмекші сөздер				емес				емес	
Қандай?	Не істейді?	Осындай тағы не бар?	Көмекші сөздер													
			емес													
			емес													
<p>1. 7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту</p>	<p>1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды).</p>	<p><b>(МК; Ұ; Т; Қ)</b> Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.</p>	<p><b>11-сабақ. Біздің кафеде. Тасымал.</b>  Мұғалімнің сыйы ретінде <a href="http://balapan.kaztrk.kz/kz">http://balapan.kaztrk.kz/kz</a> сайтындағы «Аспаз мектебі» бағдарламасынан үзінді көрсетіңіз.  Оқулықта берілген Әли мен Мерейдің диалогін оқытыңыз.  Оқушының өз таңдауы бойынша пікірін айтуға мүмкіндік жасаңыз.  Оқушыларға пікірін айтып үйрету мақсатында кафеде адамдар көп келуі үшін жарнама жасаудың қаншалықты маңызды екенін айтқызыңыз.  Оқушылардың өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасауын ұйымдастырыңыз.</p>	<p><a href="http://balapan.kaztrk.kz/kz">http://balapan.kaztrk.kz/kz</a> сайтындағы «Аспаз мектебі» Оқулық</p>												



<p>2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.</p>	<p>1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).</p>	<p><b>(МК; Ө; Ж; Қ)</b> Өлең мазмұны бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу білігін бағалау.</p>	<p><i>1-жаттығу.</i> Оқулықта берілген өлеңмен жұмыс ұйымдастырыңыз. Өлең мазмұны бойынша сұрақтар дайындатып, бір-бірінің қойған сұрақтарына толық жауап беруін қадағалаңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.9.2 Мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату.</p>	<p><b>(МК; Ө; Ұ; Қ)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу, дұрыс тасымалдау білігін бағалау.</p>	<p>Оқушыларға оқулықта берілген <i>диқан, бауырсақ, бидай</i> сөздерін буынға бөлдіріп, буын санын анықтатыңыз. Бұл сөздерді жазып келе жатқан жолға сыймай қалса, қалай жазуға болатынына негізделген іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Тақтамен жұмыс ұйымдастырыңыз. Оқушылардың жауабын оқулықта берілген жаңа ақпаратпен салыстыртып, тасымал туралы мағлұмат беріңіз. Алған ақпаратымен ой бөлісіңіз. Игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алу біліктерін бағалауды ұйымдастырыңыз. <i>2-жаттығу.</i> №1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Сөздерді үлгі бойынша тасымалдатып жазғызыңыз.</p>	<p>Оқулық Тақтамен жұмыс Дәптермен жұмыс</p>
<p>3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.9.2 Мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату.</p>	<p><b>(МК; Ө; Ұ; Қ)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу, тасымалдау білігін бағалау.</p>	<p><i>3-жаттығу.</i> Сөздерді буынға бөлу, тасымалдау білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушылардан оқулықта берілген «<i>Ай, күн, тай, бұлт, жент сөздерін тасымалдауға бола ма?</i>» деген сұраққа жауап алып, дәлелдеулер жасатыңыз. Тақтамен жұмыс жүргізіңіз. Дыбыстық талдау жасатыңыз.</p>	<p>Оқулық Тақтамен жұмыс</p>

3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу.	1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу.	<b>(МК; Ө; Т; К)</b> Жарнама жазу, өз ойымен бөлісіп, рефлексия жасай алу білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Алдымен әр оқушының өз жарнамасын дәптерге жазуын қадағалаңыз. Әрі қарай шығармашылық тапсырманы топтық жұмыс түрінде жүзеге асырыңыз. Бұған дейінгі игерген білімдеріне сүйене отырып, «Біздің кафе» тақырыбына жарнама жасатыңыз. Топта жазған жарнамаларын оқысын. Топ болып ақылдасып, ең әдемі жасалған, өздеріне ұнаған жарнаманы таңдасын. Олардың топта жарнама постерін құрастыруына, постерлерін топта жариялап, пікір алысуына, кері байланыс жасауына ықпал етіңіз. Постер жасауға қажетті заттармен қамтамасыз етіп, бағыт беріңіз. <i>«Екі жұлдыз, бір тілек»</i> әдісі арқылы топтық жұмыстарын бағалатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Постерлер жасау <a href="http://www.Balalar-alemi.kz">http://www.Balalar-alemi.kz</a> Сынып бұрышы материалдары
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Ө; К)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжау білігін бағалау.	№1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Дәптердің 20-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Сөздерді ретімен вагондарға тасымалдатып жазғызыңыз. Дәлелдеулер жасатыңыз.	Дәптермен жұмыс
3.3 Жоспар құру.	1.3.3.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою.	<b>(МК; Т; Ж; К)</b> Сурет бойынша мәтін құрастырып, оған тақырып қою білігін бағалау.	<b>12-сабақ. Біздің кафеде. Тасымал.</b> <i>1-жаттығу.</i> Сурет бойынша мәтін құрастырып, оған тақырып қою білігін бағалауды жүзеге асырыңыз. Сюжетті суреттер желісімен ертегі құрау жұмыстарын жүзеге асырыңыз. Құраған ертегілеріне ат қойғызыңыз. Ертегі мазмұны бойынша бір-біріне сұрақ қоюына ықпал етіңіз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз.	Оқулық

3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау.	1.3.9.2 Мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Сөздерді буынға бөлу, дұрыс тасымалдау, кері байланыс жасай алу білігін бағалау.	Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. <i>Орамжапырақ, ертегі</i> сөздерінің тасымалдану үлгісін жасатыңыз. Оқушылардың жазған жұмыстарын топта жариялап, дәлелдеулер жасап, өз іс-әрекеттеріне « <i>Менің сөзім</i> » әдісі арқылы рефлексия жасатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау.	1.3.9.2 Мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату.	<b>(МК; Ө; Т; Қ)</b> Сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың сөйлемдерді көркемдеп жазуын қадағалаңыз. Сөйлемдердің мағынасына талдау жасатыңыз. <i>Дәрумендер</i> сөзінің тасымалдану жолдарын жазғызып, дәлелдеулер жасатыңыз. Дәптермен, тақтамен жұмыс жүргізіңіз. <i>3-жаттығу.</i> Оқулықта берілген кестеге назар аудартып, кестеге сәйкес тасымал туралы ой қорыту жасатыңыз. <i>4-жаттығу.</i> №1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Сөздерді оқытып, буын санын анықтатыңыз. Тасымалдауға болмайтын сөздерді көшіріп жазғызыңыз. Тақтамен жұмыс жасатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(МК; Ө; Ж; Қ)</b> Ой ұшқырлығы, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Дәптердің 22-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Сюжетті суреттің мазмұнына сүйеніп, қандай тыйым сөз шығаруға болатынын болжатып, дәптерге жазғызыңыз. <i>5-жаттығу.</i> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Сөзжұмбақтан жасырынып тұрған тағам атауларын таптыртыңыз. Тапқан сөздерінің	Дәптермен жұмыс Оқулық

			тасымалдану үлгісін дәптерлеріне жазғызып, дәлелдеулер жасатыңыз. Жұмыстарын топта жариялатыңыз.	
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(МК; Ж; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, мәтіннің мазмұны бойынша болжай алу білігін бағалау.	<i>б-жаттығу.</i> «Буындар сыйлығы» тақырыбындағы пікірталасты ұйымдастырыңыз. Мәтінді түсініп оқып, болжап, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалаңыз.	Оқулық
3.4 Оқыған/ тыңдаған материалының мазмұнын жазу.	1.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен оқыған/ тыңдаған мәтіндеріндегі ақпаратты сурет, сызба белгілер қолданып жеткізу.	<b>(МК; Т; Қ)</b> Тыңдаған ақпаратты постер жасап жеткізі, ұсынылған тақырып бойынша рефлексия жасай алу білігін бағалау.	Мұғалімнің сыйы ретінде <a href="http://balapan.kaztrk.kz/kz">http://balapan.kaztrk.kz/kz</a> сайтындағы «Аспаз мектебі» бағдарламасынан үзінді көрсетіңіз. Әрі қарай тапсырманы топтық жұмыс түрінде ұйымдастырыңыз. Бағдарламадан алған білімдеріне сүйене отырып, көгөністерден әзірленетін тағам түрінің рецепін жасатып, тағамға ат қойғызыңыз. Оқушылардың топ болып ақылдасып, өздері қалаған рецептің постерін құрастыруына ықпал етіңіз. Постер жасауға қажетті материалдармен қамтамасыз етіңіз. Оқушылардың постерлерін топта жариялап, пікір алысуын, сабақтан алған әсерлерімен ой бөлісіп, кері байланыс жасауын ұйымдастырыңыз. « <i>Екі жұлдыз, бір тілек</i> » әдісі арқылы бір-бірінің жұмыстарын бағалатыңыз.	<a href="http://balapan.kaztrk.kz/kz">http://balapan.kaztrk.kz/kz</a> «Аспаз мектебі» Оқулық Постерлер жасау <a href="http://www.Balalar-alemi.kz">http://www.Balalar-alemi.kz</a> Сынып бұрышы материалдары
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	<b>(М; Ө; Т; Қ)</b> Мәтіндегі негізгі ойды анықтай алу білігін бағалау.	<b>13-сабақ. Ұлттық тағамдар. Әліпби.</b> <i>1-жаттығу.</i> Оқушылардың мәтіндегі негізгі ойды анықтай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушыларға мәтінді мәнерлеп оқытыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын жүргізуіне ықпал етіңіз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз.	Оқулық

<p>3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу.</p>	<p>1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу.</p>	<p><b>(МК; Т; К)</b> Рецепт жаза алу, өз ойымен бөлісіп, рефлексия жасай алу білігін бағалау.</p>	<p>Мұғалімнің сыйы ретінде <a href="https://www.youtube.com/AynuR_RakiShevA">https://www.youtube.com/AynuR_RakiShevA</a> сайтынан «Наурызкөже» туралы видеоны көрсетіңіз. Оқулықтағы тапсырманы оқытып, рецепт туралы жаңа ақпаратпен таныстырыңыз. Әли мен Мерейдің диалогін оқытыңыз. «Наурызкөже» жасауға қажетті заттарды суреттен тапқызыңыз. Топтық жұмыс ұйымдастырыңыз. Бұған дейінгі игерген білімдеріне сүйене отырып, наурызкөженің рецепін жасатыңыз. Оқушылардың топ болып ақылдасып, рецептін постерін құрастыруына ықпал етіңіз. Постерлерін топта жариялатып, пікір алысыңыз. Сабактан алған әсерлерімен ой бөлісіп, кері байланыс жасатыңыз. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бір-бірінің жұмыстарын бағалатыңыз.</p>	<p>Оқулық <a href="https://www.youtube.com/AynuR_RakiShevA">https://www.youtube.com/AynuR_RakiShevA</a> Наурызкөже Сынып бұрышы</p>
<p>3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.</p>	<p><b>(МК; Ө; К)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу, тасымал жасай алу білігін бағалау.</p>	<p><i>2-жаттығу.</i> Оқулықта берілген жаттығуды №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың сөйлемдерді көркемдеп жазуын қадағалаңыз. Мағынасына талдау жасатыңыз. Тақтамен жұмыс жүргізіңіз. Тасымалдауға болмайтын сөздерді тапқызыңыз.</p>	<p>Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс</p>
<p>2.7 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу.</p>	<p>1.2.7.1 Әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (сөздік-</p>	<p><b>(МК; Ө; К)</b> Сұрақтың жауабын дереккөздер арқылы табу білігін бағалау.</p>	<p><i>3-жаттығу.</i> Оқушылардың дереккөздер арқылы Наурыз мерекесі туралы жаңа ақпарат табуына мүмкіндік жасаңыз. Дереккөздерден ақпарат іздеудің жолдарын көрсетіңіз.</p>	<p>Оқулық <a href="http://www.Balalar-alemi.kz">http://www.Balalar-alemi.kz</a> кітаптар</p>

	тер, анықтамалықтар, суретті кітаптар, энциклопедия) ақпараттарды табу.		Алған ақпараттарымен ой бөлісіңіз.	
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК; Ө; К)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> №1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өлеңді қатесіз, көркемдеп жазуын қадағалаңыз. Өлең мазмұнына талдау жасатыңыз. Дауысты дыбыстардың жуан немесе жіңішке екенін анықтатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	<b>(МК; Ө; К)</b> Дыбыстарды ажырату және дұрыс дыбыстау білігін бағалау.	№1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Дәптердің 23-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Алдымен әріптерді оқытыңыз. Содан кейін екі рет қайталанған әріптерді дөңгелекке жазғызыңыз. Дәптердің 24-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Жасырынып қалған әріптерді тапқызып, оларды рет-ретімен жазғызыңыз.	Дәптермен жұмыс
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату	<b>(МК;Ө;К)</b> Дыбыстарды ажырату және дұрыс дыбыстау білігін бағалау.	<b>14-сабақ. Ұлттық тағамдар. Әліпби.</b> Оқулықта берілген Әли мен Мерейдің диалогін рөлге бөліп оқытыңыз. Оқығаны бойынша талдау жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтып, дәлелдеулер жасай алуына мүмкіндік жасаңыз.	

	және дұрыс дыбыстау.		<i>1-жаттығу.</i> Әліпбидегі әріптерді оқытыңыз. Оқушылардың дыбыстарды ажырату және дұрыс дыбыстау білігін бағалаңыз.	Оқулық
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Дыбыстарды ажырату және дұрыс дыбыстау білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> №1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Оқушыларға оқулықта берілген тапсырманы оқытып, іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Кісі аттарының қай әріптен басталып тұрғанын тапқызыңыз. Тапқан кісі аттарын әліпби ретімен жазғызыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Дыбыстарды ажырату және дұрыс дыбыстау, дыбыстық талдау жасау білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Оқушыларға оқулықтағы тапсырманы оқытып, іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Т әрпінің алдында және соңында тұрған әріптерді ататып, сол әріптерден басталатын сөздерді айтқызып, дыбыстық талдау жасатыңыз. Тақтамен жұмыс жүргізіңіз.	Оқулық Тақтамен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Ө; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> №1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Оқулықта санмен берілген сөздерді тапқызыңыз. Оларды дәптерлеріне жазғызыңыз. Ол сөздерге дыбыстық талдау жасатып, тасымалдау үлгісін көрсетіңіз. Тақтамен жұмыс жасатыңыз. Дәптердің 25-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Оқушылардың өз аттарын жалаушаның суретімен жазуына ықпал етіңіз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс

1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	<b>(Ұ; К)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	<b>15-сабақ. Ұлттық тағамдар. Әліпби.</b> <i>1-жаттығу.</i> Оқулықтағы сюжетті суретке қарап, іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушыларға әліпбидің қай кезде қолданылатынын айтуларына ықпал етіңіз. Мысалдар келтірту арқылы өз ойларын дәлелдетіңіз.	Оқулық
3.7 Қатені табу және түзету.	1.3.7.1 Мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тек- серу және кателерін түзету.	<b>(МК; Ұ; К)</b> Жұппен жұмыс жасату арқылы қатені табу және түзету білігін бағалау.	Қазақ әліпбиі туралы жаңа ақпараттар беріңіз. Игерген білімдерін практикалық іс- әрекетте тексеру мақсатындағы жаттығу жұмысын орындатыңыз. Оқушыларға қосымша тапсырмалар ұсынып, сөйлемдерді әліпби ретімен тақтаға жазғызыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз. Қатені табу және түзету білігін бағалаңыз.	Оқулық
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	<b>(М; Ұ; Т; К)</b> Өлеңдегі негізгі ойды анықтай алу білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқушылардың өлеңдегі негізгі ойды анықтай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушыларға өлеңді мәнерлеп оқытыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз.	Оқулық
3.6 Түрлі жанрда шығарма- шылық мәтін жазу.	1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен эртүрлі жанр бо- йынша (хат, құттықтау хат, хабар- лама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай	<b>(МК; Ө; Т; К)</b> Рецепт жаза алу, өз ойымен бөлісіп, рефлексия жасай алу білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> №1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Бұған дейінгі игерген білімдеріне сүйене отырып, сүттен жасалатын тағамдарының рецепін дәптерге жазғызыңыз. Әрі қарай оқушыларға жұмыстарын шағын топта жариялатып, талдау жасатыңыз. Одан кейін рецепті постер түрінде топта жасатыңыз. Оқушылар постерлерін топта жариялап, пікір алысады. Сабақтан	Оқулық Дәптермен жұмыс Сынып бұрышы



	сөйлемдер құрап жазу.		алған әсерлерімен ой бөлісіп, кері байланыс жасайды. « <i>Екі жұлдыз, бір тілек</i> » әдісі арқылы бір-бірінің жұмыстарын бағалатыңыз.	
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Т; К)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	Мұғалімнің сыйы ретінде <a href="http://el.kz/">http://el.kz/</a> сайтынан «Ақ тағам» туралы ақпаратты қысқартып, оқып беріңіз. <i>4-жаттығу.</i> Топтық жұмыс ұйымдастырыңыз. Сүттен жасалатын тағамдарды ататыңыз. Тапсырманы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Сүттен жасалатын тағамдарды қай топ көп атаса, сол топ жеңімпаз болады.	<a href="http://el.kz/">http://el.kz/</a> Ақ тағам Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1 .4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(МК; Ө; Ж; К)</b> Ой ұшқырлығы, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	<i>5-жаттығу.</i> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Суреттердің көмегімен сөзжұмбақты шешкізіңіз. <b>Шешуі: қымыз.</b> Шешуіндегі сөздің бірінші әрпі әліпбиде нешінші тұрғанын айтқызыңыз. №1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. 26–27-беттердегі тапсырмаларды орындатыңыз. Жаңылтпашта қай дыбыстың көп айтылғанын тапқызып, әрі қарай сол әріптердің әліпбидегі көршілерін жазғызыңыз. Келесі тапсырмада оқушыларға әріптерді әліпби ретімен көркем жазғызыңыз. Орындалған тапсырмаларды жұппен жұмыс жасату арқылы бағалатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу.	1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бо-	<b>(МК; Ө; К)</b> Бес жолды өлең құрастыра алу, пікір алысып, рефлексия	Қосымша тапсырма. Шығармашылық жұмыс. «Айран» тақырыбына үлгі бойынша өлең құрастыртыңыз. <b>Керекті сөздер:</b> <i>айран, дәмді, қою, ұйытады,</i>	<a href="https://www.Google.kz">https://www.Google.kz</a> картинки

	йынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу.	жасай алу білігін бағалау.	<i>ішеді, әзірлейді, сусын т.с.с.</i> Керекті сөздердің құрамын өзіңіздің қалауыңыз бойынша өзгертуге болады. Үлгі: Зат есім (1) Сын есім (2) Етістік (3) Сезімді білдіретін тіркес (4) Синоним (1) Оқушылар өлеңдерін топта жариялап, пікір алысады. Сабақтан алған әсерлерімен ой бөлісіп, кері байланыс жасайды.	Бес жолды өлеңнің үлгісі
3.3 Жоспар құру.	1.3.3.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою.	<b>(МК; Ұ; Т; Қ)</b> Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, оған тақырып қою білігін бағалау.	<b>16-сабақ. Ұлттық тағамдар. Мәтін 1-жаттығу.</b> Оқушылардың мәтіндегі негізгі ойды анықтап, оған ат қоя білу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушыларға мәтінді мәнерлеп оқытыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Мәтіндегі сөйлем санын анықтатыңыз. Мәтіндегі негізгі ойды анықтатып, ат қойғызыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз. Әли мен Мерейдің диалогін рөлге бөліп оқытып, алған ақпараттарымен ой бөлісіңіз.	Оқулық
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	<b>2-жаттығу.</b> №1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Оқушылардың сөйлемді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Жазған сөйлемдерін оқытып, түсінігін сұраңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз. Оқушыларға мұғалімнің сыйы ретінде <i>уыз</i> дайындау туралы қосымша ақпарат беріңіз.	Оқулық Дәптермен жұмыс

3.3 Жоспар құру.	1.3.3.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Сурет бойынша мәтін құрастырып, оған тақырып қою білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Оқулықта берілген тапсырманы оқытып, сурет бойынша мәтін құрастырып, оған тақырып қою білігін бағалауға бағытталған жұмыстарды ұйымдастырыңыз. Сюжетті сурет бойынша әңгіме құратып, ат қойғызыңыз.	Оқулық												
3.7 Қатені табу және түзету.	1.3.7.1 Мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету.	<b>(МК; Ө; Ж; Қ)</b> Тапсырмаларды орындай отырып, жұппен жұмыс жасайды. Қатені табу және түзету білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Оқулықта берілген тапсырманы орындау үшін іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Сөзжұмбақты шешкізіңіз. <i>5-жаттығу.</i> №1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Сөзжұмбақтың шешуіндегі сөздерді «ішемін», «жеймін» қатарына бөлгізіп жазғызыңыз. Себебін анықтатыңыз. Жұппен жұмыс жасап, қатені тауып, түзету жасай алу білігін бағалаланыз. №1 жұмыс дәптерінің 28-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Бірдей кәмпиттерді сызықпен қосқызып, боятыңыз. Тапқан кәмпиттеріне жаңа атау бергізіңіз.	Оқулық Дәптермен жұмыс												
3.5 Мәтінді түрлі формада құрастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер /мәтін құрастыру және жазу.	<b>(МК; Т; Қ)</b> Үлгіге сүйеніп, жұмбақ құрастыру. Оқушылардың ой ұшқырлығын, шығармашылықпен жұмыс жасап, кері байланыс жасай алу білігін бағалау.	Қосымша тапсырма. Шығармашылық жұмыс. Оқушыларға үлгіге сүйене отырып, жұмбақ құрастыртыңыз. Ұлттық тағам атауларын топтарға таратып беріңіз. Әр топқа жұмбақ құрастыратын тірек сөздер дайындаңыз. Мысалы, <b>Тірек сөздер:</b> <i>ақ, қою, ұйытады, ішеді, шұбат, қаймақ, т.с.с.</i> Жұмбақ құрастыру кестесінің үлгісі: <table border="1" data-bbox="733 1549 1199 1835"> <thead> <tr> <th>Қандай?</th> <th>Не істейді?</th> <th>Осындай тағы не бар?</th> <th>Көмекші сөздер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>емес</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>емес</td> </tr> </tbody> </table>	Қандай?	Не істейді?	Осындай тағы не бар?	Көмекші сөздер				емес				емес	Жұмбақ құрастыру үлгісі <a href="https://www.Google.kz">https://www.Google.kz</a> Төрт түлік мал
Қандай?	Не істейді?	Осындай тағы не бар?	Көмекші сөздер													
			емес													
			емес													

			Бұл не? Бұл – айран. Оқушылар жұмбақтарын топта жариялап, пікір алысады. Сабақтан алған әсерлерімен ой бөлісіп, кері байланыс жасайды.	
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	<b>(М; Ұ; Т; Қ)</b> Мәтіндегі негізгі ойды анықтай алу білігін бағалау.	<b>17-сабақ. Ұлттық тағамдар. Мәтін.</b> <i>1-жаттығу.</i> Оқушылардың мәтіндегі негізгі ойды анықтай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушыларға мәтінді мәнерлеп оқытыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз.	Оқулық
3.7 Қатені табу және түзету.	1.3.7.1 Мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету.	<b>(МК; Ө; Ж; Қ)</b> Қатені табу және түзету білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқулықтағы тапсырмаларды оқытып, жаңылтпашты жатқа жазғызыңыз. Жүппен жұмыс жүргізіп, оқушылардың қатені табу және түзету білігін бағалаңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиганы болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(МК; Ұ; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Ребусты шештіріп, шешуіндегі сөзді қатыстырып, 2–3 сөйлем құратыңыз. Жұмыстарын топта жариялатыңыз.	Оқулық
1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану.	1.1.5.1 Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдану.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Сюжетті сурет бойынша әңгіме құрау, этикет сөздерді қолдану білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Сюжетті сурет бойынша әңгіме құрау, этикет сөздерді қолдану білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушылардың қалауы бойынша жетекші сұрақтар қою арқылы әңгіме құратыңыз. Сөйлеу барысында көркемсөз тіркестерін қолдануларына ықпал етіңіз. Әңгімеге ат қойғызыңыз.	Оқулық <a href="http://balapan.kaztrk.kz/kz">http://balapan.kaztrk.kz/kz</a> Аспаз мектебі

1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	<b>(Ө; Ұ; Қ)</b> Ой ұшқырлы- ғын, иллюстра- ция бойынша болжау білігін бағалау.	№1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Дәптердің 29-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Жемістер мен көгөністерді стақандағы шырындармен сәйкестендіртіңіз. Дәлелдеулер жасатыңыз. Дәптердің 30-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Марғау ойнаған жіпті дұрыс ораса, әжейдің айтқан мақалын оқитындарын айтыңыз. Тапқан мақалдарын жазғызыңыз. <i>Еңбек пен бақыт – егіз.</i> Мақал мазмұнына талдау жасатыңыз.	Дәптермен жұмыс
3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу.	1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Бес жолды өлең құрастыру, пікір алысып, кері байланыс жасай алу білігін бағалау.	Қосымша тапсырма. Шығармашылық жұмыс. «Шұбат» тақырыбына үлгі бойынша өлең құрастыртыңыз. <b>Керекті сөздер:</b> <i>шұбат, дәмді, тіл үйіреді, дайындайды, ішеді, әзірлейді, емдік қасиеті бар сусын, ас т.с.с.</i> Керекті сөздердің құрамын өзіңіздің қалауыңыз бойынша өзгертуге болады. Үлгі: Зат есім (1) Сын есім (2) Етістік (3) Сезімді білдіретін тіркес (4) Синоним (1) Оқушылар өлеңдерін топта жариялап, пікір алысады. Сабақтан алған әсерлерімен ой бөлісіп, кері байланыс жасайды.	<a href="https://www.Google.kz">https://www. Google.kz</a> картинки Бес жолды өлеңнің үлгісі
2.8 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау.	1.2.8.1 Мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы (ертегі, әңгіме, өлең) және стильдегі (көркем және бей-	<b>(М; Ө; Ұ; Қ)</b> Түрлі жанрдағы және стильдегі мәтіндерді ажырата алу білігін бағалау.	<b>18-сабақ. Ұлттық тағамдар. Мәтін.</b> <i>1-жаттығу.</i> Оқушылардың түрлі жанрдағы және стильдегі мәтіндерді ажырата алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Өлеңді мәнерлеп оқытыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз.	Оқулық

	көркем) мәтіндерді салыстыру.		«Бұл әңгіме ме, өлең бе?» сұрағына жауап алып, дәлелдеулер жасатыңыз.													
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жол-аралық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	<b>2-жаттығу.</b> Оқулықтағы тапсырманы №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың сөйлемді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Жазған сөйлемдерін оқытып, түсінігін сұраңыз. Оқушыларға мұғалімнің сыйы ретінде қымыз дайындау туралы қосымша ақпарат беріңіз.	Оқулық Дәптермен жұмыс												
3.5 Мәтінді түрлі формада құрастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер /мәтін құрастыру және жазу.	<b>(МК; Т; Қ)</b> Үлгіге сүйеніп, жұмбақ құрастыру. Оқушылардың ой ұшқырлығын, шығармашылықпен жұмыс жасап, кері байланыс жасай алу білігін бағалау.	<b>3-жаттығу.</b> Оқушыларға сөзжұмбақты шешкізіңіз. <b>Шешуі:</b> қазы, құрт, тары. Шешуіндегі заттардан үлгіге сүйене отырып, жұмбақ құрастыртып көріңіз. Оқушылар топпен жұмыс жасайды. Әр топқа жұмбақ құрастыратын тірек сөздер дайындаңыз. Жұмбақ құрастыру кестесінің үлгісі: <table border="1" data-bbox="791 1283 1262 1569"> <thead> <tr> <th>Қандай?</th> <th>Не істейді?</th> <th>Осындай тағы не бар?</th> <th>Көмекші сөздер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>емес</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>емес</td> </tr> </tbody> </table> <hr/> <hr/> <p>Бұл не? Бұл – . Оқушылар жұмбақтарын топта жариялап, пікір алысады. Сабақтан алған әсерлерімен ой бөлісіп, кері байланыс жасайды.</p>	Қандай?	Не істейді?	Осындай тағы не бар?	Көмекші сөздер				емес				емес	Жұмбақ құрастыру үлгісі <a href="https://www.Google.kz">https://www.Google.kz</a> төрт түлік мал
Қандай?	Не істейді?	Осындай тағы не бар?	Көмекші сөздер													
			емес													
			емес													

<p>3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.8.1 Жазу жолын, жол-аралық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.</p>	<p><b>(МК; Ө; Қ)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалау.</p>	<p><i>4-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №1 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағаланыз. Сөздерді буынға бөліріп, дыбыстық талдау жасатыңыз.</p>	<p>Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс</p>
<p>1.4 Оқиғаны болжау.</p>	<p>1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.</p>	<p><b>(Ө; Ұ; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжау білігін бағалау.</p>	<p>№1 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Дәптердің 31-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Азық-түлік дүкенінің бөлімдеріне суреттегі заттарды сәйкестендіртіңіз. Дәлелдеулер жасатыңыз.</p>	<p>Дәптермен жұмыс</p>
<p>3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу.</p>	<p>1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу.</p>	<p><b>(МК; Ұ; Қ)</b> Мәтін жазу білігін бағалау.</p>	<p><i>5-жаттығу.</i> Ребусты шештіріп, шешуіндегі сөзге мәтін құратыңыз. <i>Шешуі: шипалы сусын.</i> Шипалы сусындар туралы әңгіме жүргізіңіз. Оқушыларға өз ойларын айтқызып, пікір алысыңыз. Жұмыстарын топта жариялатыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу.</p>	<p>1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат,</p>	<p><b>(МК; Ө; Қ)</b> Бес жолды өлең құрастыра алу, пікір алысып, кері байланыс жасай алу</p>	<p>Қосымша тапсырма. Шығармашылық жұмыс. «Қымыз» тақырыбына үлгі бойынша өлең құрастыртыңыз. <b>Керекті сөздер:</b> <i>қымыз, дәмді, тіл үйіреді, шипалы, күбиде піседі,</i></p>	<p><a href="https://www.Google.kz">https://www.Google.kz</a> картинки Бес жолды өлеңнің үлгісі</p>

	құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу	біліктерін бағалау.	<i>ішеді, әзірлейді, сусын т.с.с.</i> Керекті сөздердің құрамын өзіңіздің қалауыңыз бойынша өзгертуге болады. Үлгі: Зат есім (1) Сын есім (2) Етістік (3) Сезімді білдіретін тіркес (4) Синоним Оқушылар өлеңдерін топта жариялап, пікір алысады. Сабақтан алған әсерлерімен ой бөлісіп, кері байланыс жасайды.	
2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау.	1.2.6.2 Мұғалімнің көмегімен стилін (көркем және бейкөркем) ажырату.	<b>(МК; Ұ; К)</b> Мәтіннің түрлері мен жанрын ажыратып, негізгі ойды анықтай алу білігін бағалау.	<b>19-сабақ. Ұлттық тағамдар. Мәтін.</b> <i>1-жаттығу.</i> Мәтіннің түрлері мен жанрын ажыратып, негізгі ойды анықтай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушыларға мәтінді мәнерлеп оқытыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтып, дәлелдеулер жасай алуына мүмкіндік жасаңыз. Оқушыларға мәтіннің түрлері мен жанры, стилі туралы ақпарат беріңіз.	Оқулықпен жұмыс
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК; Ө; К)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың өлеңді қатесіз көшіріп жазуын қадағалаңыз. Өлеңді оқытып, түсінігін сұраңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс



1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Ой ұшқырлы- ғын, иллюстра- ция бойынша болжай алу, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасай алу білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Оқулықта берілген тапсырманы оқытып, іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Жұмыстың мақсатымен таныстырыңыз. Ас мәзірін кұратыңыз. Көп жеуге болмайтын тағамдарды ататып, себебін анықтатып, дәлелдеулер жасату арқылы кері байланыс жасатыңыз.	Оқулық
3.5 Мәтінді түрлі формада құрастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланыс- ты керекті сөздер, сыз- балар, су- реттер, бел- гілерін қол- дана оты- рып, жай сөйлемдер /мәтін құрастыру және жазу.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Суреттердің көмегімен әңгіме құрай алу, өз іс- әрекеттеріне рефлексия жасай алу білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың назарын оқулықтағы тірек сөздерге аударып, ұсынылған тапсырма бойынша «Сүзбе» тақырыбына мәтін құрастыруларын ұйымдастырыңыз. Жазған жұмыстарын топта жариялатыңыз. «Қол белгісі» әдісі арқылы жұмыстарын бағалатып, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	<b>(Ө; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжау білігін бағалау.	№2 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Дәптердің 5-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Заттар тобының қалай аталатынын анықтатыңыз. Дәлелдеулер жасатыңыз. Жауабы: <i>азық-түлік.</i>	Дәптермен жұмыс
3.4 Оқыған/ тыңдаған материалы- ның мазмұнын жазу.	1.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен оқыған/ тыңдаған мәтіндерін- дегі ақпарат- ты сурет, сызба белгілер қолданып жеткізу.	<b>(МК; Т; Қ)</b> Ертегіні сурет, сызба белгілер қолдана отырып жалғастыра алу білігін бағалау.	<b>20-сабақ. Әңгіме оқимын. Сөйлем.</b> <i>1-жаттығу.</i> Оқушыларға әңгімені тыңдатыңыз немесе оқытыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Ертегіні сурет, сызба белгілер қолдана отырып, <i>коллаж</i> жасау әдісі арқылы жалғастырыңыз. Сынып бұрышындағы материалдарды қолдана отырып, коллаж жасауына ықпал етіңіз.	Оқулық Сынып бұрышы

			Ертегі кейіпкерлерінің суреттерін таратып беріңіз немесе өздері салуларына болады. Жұмыстарын топта жариялатып, бағалау жұмыстарын жүргізіңіз.	
3.11. Пунктуа- циялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жа- зып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	<b>(МК; Ө; К)</b> Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемдерді қатесіз көшіртіп жазғызыңыз. Оқушыларға <i>сөйлем түрлері</i> туралы ақпарат беріңіз. Оқушылардың білімін жаңа ақпаратпен толықтыру жұмыстарын жүргізіңіз. Алған ақпараттарымен ой бөлісіңіз. Игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алу біліктерін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
3.8 Каллигра- фиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен- гі сызығын сақтап, әріп элементте- рін калли- графиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК; Ө; К)</b> Әріп элемент- терін каллигра- фиялық талаптарға сай жазу, тасымал жасай алу білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың сөйлемдерді көркемдеп жазуын қадағалаңыз. Мағынасына талдау жасатыңыз. <i>Бауырсақ</i> сөзінің тасымалдану жолдарын жазғызып, дәлелдеулер жасатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	<b>(Ұ; К)</b> Ой ұшқырлы- ғын, иллюстра- ция бойынша болжап, сәйкестендіру жасай алу білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжап, сәйкестендіру жасай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Сөйлемдерді тиісті дауыс ырғағымен оқытып, оқулықта берілген суретпен сәйкестендіртіңіз.	Оқулық

3.5 Мәтінді түрлі формада құрастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер /мәтін құрастыру және жазу.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Сызбалардың көмегімен сөйлем құрау білігін бағалау.	<i>5-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың назарын оқулықтағы сызбаларға аударып, ұсынылған тапсырма бойынша сызбаға сәйкес сөйлем құрастырып, жазуын ұйымдастырыңыз. Жазған жұмыстарын топта жариялатыңыз. Тақтамен жұмыс ұйымдастырыңыз. №2 жұмыс дәптерінің 6-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Берілген сөздерді пайдаланып, өлең ұйқасын тауып жазғызыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Ө; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжау білігін бағалау.	№2 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Дәптердің 7-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Қай ыдысқа су, қай ыдысқа сүт құйылғанын анықтатыңыз. Оларды сәйкес меңзерлерге жазғызыңыз. Дәлелдеулер жасатыңыз.	Дәптермен жұмыс
1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану.	1.1.5.1 Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдану.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерді қолдану білігін бағалау.	<i>6-жаттығу.</i> Оқушылардың түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдануын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың оқулықта берілген сөздерді сөйлеуде орынды қолдана алу білігін бағалауға бағытталған жұмыстар ұйымдастырыңыз.	Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(МК; Ұ; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	<i>7-жаттығу.</i> Ребусты шештіріп, шешуіндегі сөз туралы не білетінін айтқызыңыз. <i>Шешуі: сөйлем.</i>	Оқулық

1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.	<b>(МК; Ө; Т; Қ)</b> Оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау, мәтінді аяқтай алу білігін бағалау.	<b>21-сабақ. Әңгіме оқимын. Сөйлем.</b> <i>1-жаттығу.</i> Оқушылардың бұған дейінгі игерген сөйлем туралы білімдерін естеріне түсіру мақсатында мысалдар келтіріп, айтуларына мүмкіндік жасаңыз. Оқулықта берілген мәтінді оқушыларға оқытыңыз немесе тыңдатыңыз. Мәтінді әрі қарай өздеріне жалғастыртып көріңіз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз.	Оқулық
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу, сөйлемдегі сөздердің байланысын таба алу білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың тапсырманы қатесіз көшіріп жазуын қадағалаңыз. Сөйлемдегі сөздердің санын анықтатып, сөйлемдегі сөздердің байланысын сұрақ қою арқылы тапқызыңыз. Тақтамен жұмыс жүргізіңіз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың сөйлемдерді көркем жазуын қадағалаңыз. Мағынасына талдау жасатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс

1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	<b>(Ө; К)</b> Ой ұшқырлы- ғын, иллюстра- ция бойынша болжау білігін бағалау.	№2 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Дәптердің 8-бетіндегі тапсырманы орында- тыңыз. Шыршаға бара жатқан көлікті көк түспен, қайыңға бара жатқан көлікті сары түспен боятыңыз. Дәлелдеулер жасатыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстра- циясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқиғаны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру.	<b>(МК; Т; К)</b> Сұрақ қоя білу және жауап бере білу, өз іс-әрекетіне реф-лексия жасай алу деңгейін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Оқулықта берілген тапсырма бойынша іздену жұмыстарын жүргізіңіз. Оқушылардың бірі даяшы, екіншісі тапсырыс беруші болып диалог құруларына ықпал етіңіз. Оқушылардың жұмыстарын топта жариялап, көңіл күйді білдіретін «Смайликтер» әдісі арқылы өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасатыңыз.	Оқулық Смайлик- тер
1.9 Сөздерді, дыбыс- тарды орфоэпия- лық норма- ларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	<b>(МК; Т; К)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу біліктерін бағалау.	<i>5-жаттығу.</i> Оқушылармен оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Пиццаның құрамында не бар екенін анықтатыңыз. <i>Мысалы: қызанақ, ет; бұрыш, ет; ірімшік, қияр.</i> Сөздерге дыбыстық талдау жасатыңыз. Буынға бөлдіріңіз. Тақтамен жұмыс жүргізіңіз.	Оқулық Тақтамен жұмыс
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	<b>(М; Ұ; Т; К)</b> Мәтіндегі негізгі ойды анықтау білігін бағалау.	<b>22-сабақ. Әңгімені оқимын. Сөйлемдегі сөздердің байланысы.</b> <i>1-жаттығу.</i> Оқушылардың мәтіндегі негізгі ойды анықтай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушыларға мәтінді мәнерлеп оқытыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын жүзеге асырыңыз.	Оқулық <a href="http://massaget.kz/">http://massaget.kz/</a> сайтында- ғы «Дұрыс тамақтану тәртібі»

			Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз.	
3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау.	1.3.10.2 Тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдану (терминсіз).	<b>(МК; Ө; К)</b> Мәтіннен тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын таба алу білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Мәтіннен тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын таба алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушылардың тапсырманы қатесіз көшіріп жазуын қадағалаңыз. Сөйлемдегі сөздердің байланысын үлгіге сүйене отырып, сызбамен көрсетулеріне ықпал етіңіз. Тақтамен жұмыс жүргізіңіз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
3.7 Қатені табу және түзету.	1.3.7.1 Мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету.	<b>(МК; Ж; К)</b> Қатені табу және түзету білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Тапсырманы жұптық жұмыс түрінде ұйымдастырыңыз. Жұппен жұмыс жүргізіп, оқушылардың қатені табу және түзету білігін бағалаңыз. Оқулықтағы тапсырмаларды оқытып, сөйлемдерді көшіртіп жазғызыңыз. Сөйлемдегі сөздерге сұрақ қойғызып, олардың байланысын тапқызыңыз. Орындалған жұмысты өзара бағалауды іске асырыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК; Ө; К)</b> Тапсырма бойынша ой қорытып, кері байланыс жасай алу білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Сөйлемдерді көшіріп жазғызыңыз. Сөйлемдердегі сөздердің байланысын сызбамен белгілетіңіз. Дәлелдеу жұмысын жасатыңыз. Тапсырма бойынша ой қорытып, кері байланыс жасатыңыз.	Оқулықпен жұмыс Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы	<b>(Ө; Ұ; К)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша	№2 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Дәптердің 10-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. <i>Сұт</i> сөзіне ребус құрастыр-	Дәптермен жұмыс Смайликтер

	немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	болжау білігін бағалау.	тыңыз. Жұмыстарын топта жариялатып, көңіл күйді білдіретін «Смайликтер» әдісі арқылы өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасатыңыз.	
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Ө; К)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	<i>5-жаттығу.</i> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Саққұлақтың не жейтінін оқулықта берілген суретпен сәйкестендіріп тапқызыңыз. Тақтамен жұмыс ұйымдастырыңыз. Сөздерге дыбыстық талдау жасатыңыз. Сөйлем құратыңыз.	Оқулық Тақтамен жұмыс
3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу.	1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу.	<b>(МК; Т; К)</b> Бес жолды өлең құрастыра алу, пікір алысып, рефлексия жасай алу білігін бағалау.	Қосымша тапсырма. Шығармашылық жұмыс. «Саққұлақ» тақырыбына үлгі бойынша өлең құрастыртыңыз. <b>Керекті сөздер:</b> <i>Саққұлақ, күшік, сүйкімді, ала, ойнайды, қорғайды, т.с.с.</i> Үлгі: Зат есім (1) Сын есім (2) Етістік (3) Сезімді білдіретін тіркес (4) Синоним (1) Оқушылар өлеңдерін топта жариялап, пікір алысады. Сабақтан алған әсерлерімен ой бөлісіп, кері байланыс жасайды.	<a href="http://www.Balalar-alemi.kz">http://www.Balalar-alemi.kz</a> <a href="https://www.Google.kz">https://www.Google.kz</a> Бес жолды өлеңнің үлгісі Аспазшы мамандығына қатысты суреттер
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.	<b>(МК; Ө; К)</b> Әңгіменің мазмұнын сұрақтарға толық жауап бере отырып, ретімен баяндай алу білігін бағалау.	<b>23-сабақ. Әңгімені оқимын. Сөйлемдегі сөздердің байланысы.</b> <i>1-жаттығу.</i> Оқулықта берілген мәтінді оқушыларға оқытыңыз. Әңгіме желісі бойынша сұрақтар қойып, мазмұндатыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз.	Оқулық

<p>2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.</p>	<p>1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру.</p>	<p><b>(МК; Ө; Т; К)</b> Мәтін мазмұны бойынша сұрақ қою, өз іс-әрекетіне рефлексия жасай алу деңгейін бағалау.</p>	<p>Оқушыларға мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындатыңыз. Оқушылардың жұмыстарын топта жариялатып, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасату мақсатында өз ойларын айтқызып, дәлелдеулер жасай алуына ықпал етіңіз. Көңіл күйді білдіретін «Смайликтер» әдісі арқылы жұмыстарын бағалатыңыз.</p>	<p>Оқулық Смайликтер</p>
<p>1.4 Оқығаны болжау.</p>	<p>1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.</p>	<p><b>(Ө; Ұ; К)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.</p>	<p><i>2-жаттығу.</i> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Әр ыдысқа оқулықта берілген жемістер мен көгөністерді сәйкестендіріп салғызып, себебін анықтатып, дәлелдеулер жасауына ықпал етіңіз. Тақтамен жұмыс жасатыңыз. Сөздерге дыбыстық талдау жасатыңыз. Сөйлем құратыңыз.</p>	<p>Оқулық Тақтамен жұмыс</p>
<p>3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.</p>	<p><b>(МК; Ө; К)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу, сөйлемдегі сөздердің байланысын табу білігін бағалау.</p>	<p><i>3-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқулықтағы тапсырмаларды оқытып, сөйлемдерді көшіртіп жазғызыңыз. Оқушылардың қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Жазған сөйлемдерін оқытып, түсінігін сұраңыз. Сөйлемдегі сөздерге сұрақ қойғызып, байланысын сызба арқылы тапқызыңыз.</p>	<p>Оқулық Дәптермен жұмыс</p>
<p>1.4 Оқығаны болжау.</p>	<p>1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе</p>	<p><b>(МК; Ө; К)</b> Тапсырма бойынша ой қорытып, кері байланыс жа-</p>	<p><i>4-жаттығу.</i> Шие сызықшаның сыртында қалатындай етіп, екі таяқшаны өзгерттіріңіз. Шиенің суретін салғызып, сипаттатып көріңіз. Дәлелдеу</p>	<p>Оқулықпен жұмыс Тақтамен жұмыс</p>



	оның иллюстрациясы бойынша болжау.	сай алу білігін бағалау.	жұмысын жасатыңыз. Тапсырма бойынша ой қорытып, кері байланыс жасатыңыз.	
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК; Ө; К)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу, сөйлемдегі сөздердің байланысын таба алу білігін бағалау.	<i>5-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың жаңылтпашты қатесіз жатқа жазуын қадағалаңыз. Сөйлемдегі сөздердің байланысын сұрақ қою арқылы тапқызыңыз. Дәптермен, тақтамен жұмыс жүргізіңіз. Оқулықта берілген сызба бойынша сөйлем құратыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Ө; К)</b> Ой ұшқырлығын, мәтіні бойынша болжау білігін бағалау.	№2 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Дәптердің 11-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Торкөздерде жасырынған сөздерді тауып жазғызып, жаңылтпашты оқытыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру.	<b>(МК;Ө;К)</b> Сұраққа жауап беру білігін, іздену жұмыс ұйымдастыра алу, өз іс-әрекетіне рефлексия жасай алу деңгейін бағалау.	<b>24-сабақ. Әңгімені оқимын. Сөйлемдегі сөздердің байланысы.</b> <i>1-жаттығу.</i> Оқушыларға мәтінді оқытып, түсінігін айтқызыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген тапсырма бойынша іздену жұмыстарын жүргізіңіз. Өз ойларын айтып, дәлелдеулер жасай алуына ықпал етіңіз. Сөз, сөйлем, сөйлемдегі сөздердің байланысы туралы бұған дейін игерген білімдерін пысықтаңыз. Мәтінде неше сөйлем, бірінші сөзде неше сөз бар екенін анықтатыңыз.	Оқулық Смайликтер

			Жаңа ақпаратпен білімдерін толықтырып, мысалдар арқылы дәлелдеу жұмыстарын жүргізіңіз. Көңіл күйді білдіретін «Смайликтер» әдісі арқылы жұмыстарын бағалатыңыз.	
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК;Ө;К)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың сөйлемді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Жазған сөйлемдерін оқытып, түсінігін сұраңыз. Тақтамен жұмыс жүргізіңіз. <i>Түлкі, құмыра</i> сөздерін буынға бөліріп, буын санын анықтатыңыз. Дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.2 Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну.	<b>(МК; Т; К)</b> Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. <i>Сут, бал</i> сөздердің бір дыбысын өзгеріп, бірнеше сөз жасатыңыз. Оқушылардан өз ойларын айтып, көзқарастарын білдіруіне ықпал етіңіз.	Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(МК; Ө; К)</b> Жаңылтпашты дұрыс аяқтай алу білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың назарын оқулықтағы жаңылтпашқа аударып, ұсынылған тапсырма бойынша жаңылтпашты аяқтауларын ұйымдастырыңыз. Дәптермен, тақтамен жұмыс ұйымдастырыңыз. Жазған жұмыстарын топта жариялатып, «Қол белгісі» әдісі арқылы жұмыстарын бағалатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын	<b>(Ө; Ұ; К)</b> Ой ұшқырлығын, мазмұны	№2 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Дәптердің 13-бетіндегі тапсырманы орында-	Дәптермен жұмыс

	тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	бойынша болжау білігін бағалау.	тыңыз. Өлеңді ұйқасын тауып аяқтатып, оқытыңыз.	
2.8 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау.	1.2.8.1 Мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы (ертегі, әңгіме, өлең) және стильдегі (көркем және бейкөркем) мәтіндерді салыстыру.	<b>(М; Ө; Ұ; К)</b> Түрлі жанрдағы және стильдегі мәтіндерді салыстыра алу білігін бағалау.	<b>25-сабақ. Әңгіме оқимын. Сөз.</b> <i>1-жаттығу.</i> Оқушыларға мәтінді мәнерлеп оқытыңыз. Мәтіннің жанрын анықтатыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз. Мәтіннен мағынасы қарама-қарсы сөздерді тапқызыңыз.	Оқулық
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоғарылық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК; Ө; К)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушылардың сөйлемді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Мағынасына талдау жасатыңыз. Сөздерді буынға бөлдіріп, буын санын анықтатыңыз. Дыбыстық талдау жасатыңыз. Дәптермен, тақтамен жұмыс жүргізіңіз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.	<b>(МК; Ө; К)</b> Мағынасы қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқулықта берілген өлеңді жатқа жазғызыңыз. Қарамен жазылған сөзге мағынасы қарама-қарсы сөздерді тапқызыңыз. Оқушылардың сөйлемді қатесіз әрі көркем жазуын сыныптас досына тексерту арқылы бағалатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс

1.6 Тыңдаушының назарын аудару.	1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану.	<b>(МК; Т; К)</b> Диалог құрып, өз іс-әрекетіне рефлексия жасай алу мүмкіндігін бағалаңыз.	<i>4-жаттығу.</i> Тыңдаушының назарын өзіне аударып, көгөністердің таласын диалог арқылы айта алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Дауыс ырғағын, қарқынын, мәнерін, сөз арасындағы кідірісті қолдана алу шеберліктерімен жұмыс жүргізіңіз. Әрі қарай сыныпта диалог құру жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасату мақсатында бір-бірінің диалог құру жұмыстарын бағалатыңыз. Өз ойларын айтып, дәлелдеулер жасай алуына ықпал етіңіз.	Оқулық
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндел, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.	<b>(МК; Ө; К)</b> Мағынасы қарама-қарсы сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалау.	<i>5-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқулықта берілген жұмбақты көшіртіп жазғызыңыз. Қарамен берілген сөзге мағынасы қарама-қарсы сөздерді тапқызыңыз. Оқушылардың сөйлемді қатесіз, көркем жазуын сыныптасына тексерту арқылы бағалатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Ө; Ұ; К)</b> Ой ұшқырлығын, мазмұны бойынша болжау білігін бағалау.	№2 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Дәптердің 14-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Сөздерді қалай құрап шығаруға болатынын таптырып, оқытыңыз.	Дәптермен жұмыс
1.6 Тыңдаушының назарын аудару.	1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін,	<b>(МК; Ө; К)</b> Тыңдаушының назарын өзіне аударып, жаңылтпашты нақышына	<i>6-жаттығу.</i> Тыңдаушының назарын өзіне аударып, жаңылтпашты нақышына келтіріп жатқа айту білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Дауыс ырғағын, мәнерін,	Оқулық

	вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану.	келтіріп айту білігін бағалау.	қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдана алу шеберліктерімен жұмыс жүргізіңіз.	
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Мағынасы мәндес сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалау.	<b>26-сабақ. Әңгіме оқимын. Сөз. 1-жаттығу.</b> Оқулықта берілген мысалды оқушыларға оқытыңыз. Әңгіме желісі бойынша сұрақтар қоя отырып, мазмұндатыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Қарамен берілген сөздің орнына басқа қандай сөз айтуға болатынын болжатыңыз. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасаңыз.	Оқулық
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Мағынасы мәндес сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалау.	<b>2-жаттығу.</b> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Көп нүктенің орнына сол сөзге мағынасы жуық сөздерді тапқызып, сөйлемдерді көшіріп жазғызыңыз. Дәлелдеу жұмысын жасатыңыз. Тапсырма бойынша ой қорытып, кері байланыс жасатыңыз.	Оқулықпен жұмыс Дәптермен жұмыс
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	<b>3-жаттығу.</b> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқулықтағы тапсырмаларды оқытып, өлеңді көшіртіп жазғызыңыз. Оқушылардың қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Өлең мазмұнымен жұмыс ұйым-	Оқулық Дәптермен жұмыс

	сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.		дастырыңыз. Өленді жатқа сұраңыз.	
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.2 Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну.	<b>(МК; Ө; Ұ; Қ)</b> Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. <i>Қаймақ</i> сөзіндегі әріптерді пайдаланып, жаңа сөздер жазғызыңыз. Мысалы: <i>аймақ, май, ай, қай</i> т.с.с. Оқушыларға сөз мағынасымен жұмыс жасатып, өз ойларын айтып, көзқарастарын білдіруіне ықпал етіңіз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Ж; Ұ; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, мазмұны бойынша болжау білігін бағалау.	№2 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Дәптердің 16-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Мағынасы қарама-қарсы шығатындай суреттерді сәйкестендіріңіз. Жұмыстарын топта жариялатып, дәлелдеулер жасатыңыз.	Дәптермен жұмыс
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.	<b>(МК; Ө, Қ)</b> Әңгіменің мазмұнын сұрақтарға толық жауап бере отырып, ретімен баяндау біліктілігін бағалау.	<b>27-сабақ. Әңгіме оқимын. Сөз.</b> <i>1-жаттығу.</i> Оқулықта берілген суретпен жұмыс жүргізіп, мәтінді оқушыларға оқытыңыз. Әңгіме желісі бойынша сұрақтар қойып, мазмұндатыңыз. Оқушылардың мәтіндегі қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндіріп беруіне ықпал етіңіз.	Оқулық
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздер-	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Көп мағыналы сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқулықта берілген жаңылтпашты көшіртіп жазғызыңыз. Оқушылардың жаңылтпашта қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндіріп беруіне ықпал етіңіз.	Оқулық

	дердің мағыналарын ажырату.		Оқушылардың сөйлемді қатесіз әрі көркем жазуын сыныптасына тексерту арқылы бағалатыңыз.	
3.7 Қатені табу және түзету.	1.3.7.1 Мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету.	<b>(МК; Ө; Ж; К)</b> Қатені табу және түзету білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Тапсырманы жұптық жұмыс түрінде ұйымдастырыңыз. Оқушылардың қатені табу және түзету білігін бағалаңыз. Оқулықтағы жұмбақты оқытып, көшіріп жазғызыңыз. Іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Жұмбақтың шешуін тапқызыңыз. Шешуі: <i>шәйнек</i> . Қатені табу және түзету білігін бағалау мақсатында орындалған жұмысты өзара бағалауды іске асырыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Ө; К)</b> Ой ұшқырлығын, мазмұны бойынша болжау білігін бағалау.	№2 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Дәптердің 17-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Жұмбақтың шешуін шеңбер ішіне жазғызыңыз. Шешуі: <i>бидай</i> . Жұмыстарын топта жариялатып, дәлелдеулер жасатыңыз.	Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	<b>(Ұ; К)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кірпінің ініне кіре алатын алмаларды салыстыртып, сипаттатыңыз. Сурет мазмұнына сәйкес сөйлем құратыңыз. Тақтамен жұмыс жасатыңыз. <i>Кірпі</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық Тақтамен жұмыс
3.5 Мәтінді түрлі формада құрастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар,	<b>(МК; Т; К)</b> Үлгіге сүйеніп, жұмбақ құрастыру. Оқушылардың ой ұшқырлығын,	Қосымша тапсырма. Шығармашылық жұмыс. Оқушыларға үлгіге сүйене отырып, жұмбақ құрастыртыңыз. <b>Тірек сөздер:</b> <i>үшкір, жүреді, ине, тікенек, қоректенеді, шырша, т.с.с.</i>	Жұмбақ құрастыру үлгісі <a href="https://www.google.kz">https://www.google.kz</a> кірпі

	суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.	шығармашылықпен жұмыс жасап, кері байланыс жасай алу білігін бағалау.	<p>Жұмбақ құрастыру кестесінің үлгісі:</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Қандай?</th> <th>Не істейді?</th> <th>Осындай тағы не бар?</th> <th>Көмекші сөздер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>емес</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>емес</td> </tr> </tbody> </table> <p>Бұл не? Бұл – кірпі. Оқушылар жұмбақтарын топта жариялап, пікір алысады. Сабақтан алған әсерлерімен ой бөлісіп, кері байланыс жасайды.</p>	Қандай?	Не істейді?	Осындай тағы не бар?	Көмекші сөздер				емес				емес	
Қандай?	Не істейді?	Осындай тағы не бар?	Көмекші сөздер													
			емес													
			емес													
1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну.	1.1.1.1 Тыңдау ба-рысында тілдік бірлік-дерді (сөй-леу, сөз, сөй-лем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Сөз бен сөйлемді ажы-рату, сөздің мағынасын, сөйлемнің мазмұнын түсіну білігін бағалау.	<b>28-сабақ. Әңгіме оқимын. Сөз. 1-жаттығу.</b> Оқулықта берілген тапсырманы мән-ерлетіп оқы-тыңыз. Оқығаны бойынша талдау жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың білімін жаңа ақпараттармен толықтыру жұмыстарын жүргізіңіз. Алған ақпараттарымен ой бөлісіңіз. Қарамен жазылған сөздерге мағынасы қарама-қарсы сөздерді тапқыздыртыңыз.	Оқулық												
3.6 Түрлі жанра шығарма-шылық мәтін жазу.	1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бо-йынша (хат, құттықтау хат, хабар-лама, нұс-қаулық) шағын мә-тін/жай	<b>(МК; Ө; Т; Қ)</b> Тағамның рецепін жаза алу, пікір алы-сып, рефлекс-ия жасай алу білігін бағалау.	Оқулықтағы тапсырманы №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушыларға мәтіндегі ақпарат-тарды басшылыққа алып, «Ақлақ» тағамының рецепін жазғызыңыз. Жұмыстарын шағын топта оқы-тып, талқылатыңыз. Әрі қарай топ-тық жұмыс ұйымдастыртыңыз. «Ақлақ» тағамының рецепіне топта постер жасатыңыз. Оқушылардың постерлерін топта жариялап, « <i>Екі жұлдыз, бір тілек</i> » әдісі негізінде	Оқулық Дәптермен жұмыс Постер жасайтын материал-дар												



	сөйлемдер құрап жазу.		бір-бірінің жұмыстарын бағалату арқылы рефлексия жасатыңыз.	
3.7 Қатені табу және түзету.	1.3.7.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінді тексеру және қателерін түзету.	<b>(МК; Ө; Ж; Қ)</b> Қатені табу және түзету білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқулықтағы жаттығу жұмысын №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқулықта берілген тапсырманы көшіртіп жазғызыңыз. Оқушылардың сөйлемді қатесіз әрі көркем жазуын сыныптасына тексерту арқылы бағалатыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	<i>3-жаттығу.</i> Оқулықтағы жаттығу жұмысын №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігін бағалаңыз. Оқушылардың өлеңді қатесіз, көркем, жатқа жазуын қадағалаңыз. Қатені табу және түзету білігін бағалау мақсатында бір-біріне жұмыстарын тексертіңіз. Өлең мазмұнымен жұмыс ұйымдастырыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	<b>(МК; Ө; Қ)</b> Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу білігін бағалау.	<i>4-жаттығу.</i> Оқулықтағы жаттығу жұмысын №2 жұмыс дәптеріне орындатыңыз. Оқушыларға оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Көгөністердің аттарын тапқызыңыз. Дыбыстық талдау жасатыңыз. Сөздерді буынға бөлдіріңіз. Үлгі бойынша көгөністерді түрі, дәмі бойынша салыстыртып жазғызыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның	<b>(Ө; Ұ; Қ)</b> Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	№2 жұмыс дәптерімен жұмыс ұйымдастырыңыз. Дәптердің 19-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Көп пайдаланған жағдайда адам денсаулығына зиянын тигізетін суреттегі заттарды сыздырты-	Дәптермен жұмыс Оқулық

	иллюстрациясы бойынша болжау.		ңыз. Жұмыстарын топта жариялатып, дәлелдеулер жасатыңыз. <i>5-жаттығу</i> . Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Сөйлем тақырыбынан игерген білімдерін пысықтауға бағытталған жұмыс түрлерін ұйымдастырыңыз. Оқулықта берілген сөйлем түрлерін тиісті үйшікпен сәйкестендіртіңіз.	
--	-------------------------------	--	--	--

## «Сауат ашу» пәні. 1-сынып

### 8-бөлім. Дені саудың – жаны сау.

#### Осыған дейін меңгерілген білім

8-бөлім осы кезге дейінгі алынған білім мен дағдыларға негізделеді. Оқушылардың дыбыс түрлері, сөз мағынасы, сөйлем және мәтін түрлері, грамматикалық нормалар туралы алғашқы ұғымдары мен түсініктері бар; сызба-үлгілерді қолдана отырып, сөйлемге талдау жасай алады; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата алады; сөздерді тасымалдап, каллиграфиялық нормаларды сақтап жазу дағдылары қалыптасқан. Оқушылар дыбыс және оның түрлері, буын мен тасымал, әліпби, сөз, сөйлем, мәтін туралы біледі; сөзге дыбыстық талдау жасай алады; дауысты және дауыссыз дыбыстарды, дауыстылардың жуан не жіңішке екенін ажырата алады; сөзді буынға бөлу және тасымалдап жазу, дереккөздермен жұмыс барысында әліпбиді қолдану дағдылары қалыптасқан; оқығандарын түсінеді және жаза алады, өздіктерінен мәтін құрай алады.

#### Контекст (мәнмәтін)

Сегізінші бөлім оқушылардың денсаулық күтуді үйренуіне, бейкөркем мәтіндер құрастыруына және спорттың денсаулық сақтаудағы рөлін түсінуіне мүмкіндік береді. Бөлім материалдары оқушыларды денешынықтыру жаттығуларымен, спорттың түрлерімен және белгілі спортшылармен таныстырады. Денсаулық және спорт түрлері туралы оқыған немесе тыңдаған мәтін мазмұнын айта алады, әңгімені жоспарлайды және жазады. Мұғалім белсенді тілдік ортаның құрылуын мүмкін ететін тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым тапсырма үлгілерін қолдана алады.

#### Қысқаша шолу

Бұл бөлімде адам денсаулығына және спортқа қатысты материалдар қамтылады. Бөлімде оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту, тіл бірліктері туралы ұғымдары мен түсініктерін кеңейту, грамматикалық құбылыстар туралы қарапайым түсініктер беру, каллиграфиялық және пунктуациялық дағдыларын жетілдіру, ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру қарастырылады. Оқушылар ұжымда, топта, жұппен жаңа сабаққа қатысты қойылған проблемалық сұрақтарға жауап іздейді, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасауды үйренеді, іздену жұмыстарын ұйымдастырады. Денсаулықты күту, денешынықтыру жолдары, спорт туралы әңгімелердің мазмұнын айтады, жоспарлайды және олар туралы әңгіме жазады.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Оқу мақсаттары	Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері	Мұғалімге арналған ескертпелер (оқыту әдістемесі бойынша)	Оқыту ресурстары
<b>Дені саудың – жаны сау</b>				
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.	<b>(МК; Ж; К)</b> Сурет бойынша әңгіме құрау, өз ойын дәлелдей алу білігін бағалау.	<b>29-сабақ. Денсаулық – зор байлық. Заттың атын білдіретін сөздер.</b> <i>1-жаттығу.</i> Оқулықтағы сюжетті суретке қарап, іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. <i>Денсаулық</i> сөзін қалай түсінетінін айтуларына ықпал етіңіз. Өз күн тәртіптері туралы айтқызыңыз. Мысалдар келтірту арқылы өз ойларын дәлелдегіңіз. YouTube сайтынан алынған («Балапан және оның достары» Күн тәртібі. Мультфильм. «Балапан» ТВ) видеоны көрсетіп, оқушылармен ой бөлісіңіз.	Оқулық YouTube «Балапан және оның достары». Күн тәртібі. Мультфильм «Балапан» ТВ
3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау.	1.3.10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату және орынды қолдану.	<b>(МК; Ө; К)</b> Мәтінді түсініп, сұрақтарға нақты жауап беру білігін бағалау.	<i>2-жаттығу.</i> Оқушыларға мәтінді оқытыңыз. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Қарамен берілген сөздерге сұрақ қойғызыңыз. Оқушылардың білімін жаңа ақпараттармен толықтыру жұмыстарын жүргізіңіз. Оқушыларға <i>кім? не? кімдер? нелер?</i> сұрақтары заттың атын білдіретін сөздерге қойылатыны туралы ақпарат беріңіз. Алған ақпараттарымен ой бөлісіңіз. Игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алу біліктерін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
